zangazet@mail.ru

№55 (3483) 12 шілде 2022

# ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# АЛҒАШҚЫ АТА ЗАҢ АВТОРЫНЫҢ ҮЙІ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫ

**Барлыбек Сыртановты көзіқарақты оқырман жақсы біледі. Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі Ата Заңының негізі Алаш қайраткері Барлыбек Сыртанов жазған «Қазақ елінің уставымен» сәйкестендірілген. Жуырда ғалым, жазушы Елдос Тоқтарбайдың құрастыруымен Алаш қайраткері Барлыбек Сыртанұлының «Қазақ елінің уставы» деп аталатын тұңғыш шығармалар жинағы жарық көрді. Б.Сыртановтың қазаққа сіңірген еңбегі тек «Қазақ елінің уставы» ғана емес, ол Әлихан Бөкейхан, Жақып Ақбай, Бақытжан Қаратайұлы, Мұхамеджан Тынышпайұлы сияқты Алаш азаматтарымен бірге қазақтың азаттығы үшін жан аямаған күрескер.**

*(Соңы 3-бетте)*

СҮЙІНШІ!

## БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

**БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:**

– Детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;

– детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;

– шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;

– осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

**БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?**

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар.

Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

**ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?**

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

**Ал, құрметті оқырман!**
**БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢЫЗ!**
**ІСКЕ СӘТ!**

ТАЛҚЫ

# КИІКТІҢ КӨБЕЙГЕНІ КІМГЕ ЗИЯН?

**Құзырлы орындардың киіктерді ату жөніндегі шешімі қоғамда қызу талқылануда. Ұсынысты құптаушылар да, қарсы келушілер баршылық. Киіктің киелі аң екенін алға тартушылар бұл шараның табиғаттағы тепе-теңдікті бұзып, зұлматқа алып келер қате қадам екенінін айтып, сақтандыруда.**

Алайда, биліктегі бастама көтерушілердің өз уәжі бар. Ондағылардың пайымынша, саны бір жарым миллионға жетіп қалған киіктер жайылымды жалаңаштап, фермерлерге орасан зор зиян келтіруде. Бүгінде осы жағдайдан шеккен зардаптың құны 78 млрд теңгеге пара-пар. Бұл жөнінде өткен аптада елордада өткен «Киік популяциясы санын реттеу» тақырыбындағы дөңгелек үстел барысында айтылды.

Жалпы, қазіргі таңда киіктердің таралу кеңістігі Қазақстан, Өзбекстан, Ресей және Моғолия елін қамтиды. Әлемдегі киіктер түрі Қазақстан аумағын мекен етеді. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес киік – аулауға жататын бағалы аңдардың тізіміне енгізілген. Бүгінде Қазақстандағы киіктердің 801 мыңы Оралда, 489 мыңы Бетпақдалада, 28 мыңы Үстіртте өмір сүруде. Олардың өсу қарқыны өте жоғары болып, орташа есеппен жылына 40 пайызға жетіп отыр.

1999 жылы Қазақстанда сайғақ өнеркәсібіне, одан табыс табатын өзге де кәсіптерге тыйым салынып, ол тек ғылыми мақсатқа ғана пайдаланылатын болды. Бұл шара 6 рет ұзартылды. Қолда бар жем-азық ресурсының киіктердің өсу қарқынына сәйкес келмеуі, ауылшаруашылығы өндірушілерімен текетірестің туындап, экономикаға залалдың келтірілуі, киіктер санының тым көбеюі салдарынан эпизотияның туындау қаупіне орай түз тағысын қолдан азайту қажет болып отыр.

Осыған орай жиында сөз алған ЭГТРМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің төрағасы Нұрлан Қылышбаевтың айтуынша, бүгінде Зоология институтының ұсынысын ескере отырып, киік аулау тетіктерін анықтау жөніндегі жұмыс тобы құрылып жатыр. Бұл орайда қоғам алаңдаушылық танытқандай халықты киік санын реттеуге немесе атуға араластыру туралы мәселе көзделіп отырған жоқ. Реттеу шарасы браконьерліктің, бақылаусыз аңшылықтың артып кету тәуекелін болдырмау мақсатында жүзеге асырылмақ. Сонымен қатар, Зоология институтының ұсынысына сәйкес, киік аулауға мораторий мерзімін ұзарту да ұсынылды. Отырыс барысында Зоология институтының зертхана меңгерушісі Алексей Грачев киіктерді аулауға қолданыстағы тыйымды 2025 жылға дейін ұзарту қажеттігін айтты. Ол да киіктер санын реттеуді өкілетті органның мамандандырылған ұйымына жүктеу қажет екендігін құптады.

Бұл шара ғылыми қорытындыға сәйкес оның биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, өкілетті органның мамандандырылған ұйымының күшімен жүргізілмек. Осыған орай жиын барысында киік санын реттеу нәтижесінде алынған, табиғи жолмен өлгендерінен жиналған, браконьерлерден және кеденде тәркіленген мүйіздерді өкілетті органның мамандандырылған ұйымына оларды міндетті түрде түгендеу және таңбалай отырып жинауға мүмкіндік беру қажеттігі айтылды. Бүгінде құзырлы орын киік санын реттеуді бастағанға дейін оларды бақылауға жататын жабайы аң түрлері тізбесіне қосуды жоспарлап отыр.

– Біз киіктердің санын «Охотзоопром» мамандандырылған ұйымының күшімен реттеуді ұсынамыз. Олар – киік дағысы мен миграция жолын білетін жоғары деңгейдегі мамандар. Сонымен қатар, «Охотзоопромның» ғана емес, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі аумақтық инспекциялардың, табиғатты қорғау полициясының да бақылауында болуын ұсынамыз, – деді осы ретте Нұрлан Қылышбаев.

Жалпы Қазақстанда киік санын реттеу 15 қыркүйектен бастап 30 қараша аралығына дейін жүргізілуі мүмкін. Бүгінде Зоология институты 2022 жылға арналған киік санын реттеудің биологиялық негіздемесін ұсынды. Оған сәйкес биыл Оралдағы киіктің 10 пайызы азайтылуы керек. Ал Қостанай мен Ақмола облыстарының аумағындағы бетпақдала популиясы үшін 2022 жылы есепке алынған санның 2,5 пайызын аулау ұсынылып отыр.

**А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,**
**«Заң газеті»**

ОҢ ҚАДАМ

# ОТАНДЫҚ БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ АЗАЙМАЙДЫ

**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҰРЛАН НОҒАЕВ ӨҢІРЛІК КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНДА БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІМЕН, ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ.**

Осы жылдың 19 мамырында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев отандық бизнес өкілдерімен кездесу өткізген болатын. Онда бизнес құқығын қорғау, кәсіпкерлердің жаңа экономикалық саясатты іске асыруға қатысуы, сондай-ақ, шағын және орта бизнесті жүйелі қолдау мәселелері айтылған еді.

Бүгінде «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы қызметінің маңызды бағыттарының бірі – бизнесті қорғаудың экожүйесін құру.

*(Соңы 5-бетте)*

ӘКІМШІЛІК СОТҚА – 1 ЖЫЛ

# ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ИНСТИТУТЫНЫҢ БЕРЕРІ МОЛ

**Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдардан бері еліміздің сот жүйесінде игілікті жұмыстар жүргізіліп, сот төрелігіне қатысты қолға алынған әрбір реформа өз жемісін беріп келеді. Мемлекет басшысы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауында әкімшілік әділет жүйесі жұмыс істегелі заңнамадағы барлық қайшылықтар мен көмескіліктер азаматтар мен бизнестің мүддесіне орай түсіндірілетіні заң жүзінде қамтамасыз етілгенін атап көрсеткен еді.**

**Айжан МОЛБАЕВА, Маңғыстау облыстық сотының судьясы**

Әкімшілік әділет институты қолданысқа енген бір жылдың ішінде қоғамға пайдалы екенін, елге қажетті екенін көрсетті. Деректерге сүйенсек, былтырғы 1 шілдеге дейін азаматтар мен кәсіпкерлер қаралған істердің 85 пайызы бойынша мемлекеттік органдардан жеңіліс тапса, қазіргі таңда істердің 55 пайызы кәсіпкерлер мен азаматтардың пайдасына шешілген.

Осы орайда, өңір соттарындағы әкімшілік істер бойынша статитистикалық көрсеткіштерге назар салсақ. Бір жыл ішінде Маңғыстау облысы бойынша әкімшілік сотқа барлығы 676 әкімшілік талап қою туралы арыз түскен (былтырғы жылдан қалдық – 43). Оның ішінде Маңғыстау облысының МАӘС-на 652, Жаңаөзен қалалық сотына 16, Мұнайлы аудандық сотына 6, Қарақия аудандық сотына 2 талап қою арызы келіп түскен. Өңір бойынша сот орындаушыларының әрекеттерін (әрекетсіздігін) даулау бойынша 204, салық даулары бойынша 109, жер даулары бойынша 81 арыз берілген. Аталған кезең аралығында аудандық соттармен 283 әкімшілік іс шешім шығару арқылы аяқталған.

Есепті мерзімде барлығы 114 жеке ұйғарым шығарылған. Жеке ұйғарымдардың басым көпшілігі жеке сот орындаушыларына, мемлекеттік кірістер департаменті мен басқармасына, Маңғыстау облысы бойынша әкімдерге және бөлім басшыларына қатысты шығарылған. Бүгінде жеке ұйғарымдардың орындалуы қатаң бақылауға алынған.

Процестік мәжбүрлеу шаралары ретінде барлығы 45 тұлғаға қатысты ақшалай өндіріп алу қолданылған. Оның ішінде 6 тұлғаға соттың ұйғарымын орындамауына байланысты қайтадан ақшалай өндіріп алу қолданылған. Қолданылған ақшалай өндіріп алу соммасы 2 014 970 теңгені құрайды, 45 тұлғаға қатысты ақшалай өндіріп алу республикалық бюджет пайдасына өндірілген.

Өткен жылы GIZ қатысуымен «ӘРПК: әкімшілік істерді қараудағы практикалық мәселелер» тақырыбында аймақтық семинар өткізіліп, білікті мамандардың озық тәжірибелерімен танысуға мүмкіндік алдық. Сондай-ақ, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы, кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттік органдардың қатысуларымен тұрақты түрде дөңгелек үстел, семинар өткізу дәстүрлі шарамызға айналды. «Тәуелсіз елдің адам құқықтарын қорғау бағытындағы реформалары. Әкімшілік әділет» атты облыстық құқықтық-профилактикалық конференция өткізілді. Сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін іске асыру және әкімшілік талап қоюларды толық және уақытылы қарауды қамтамасыз ету мақсатында Маңғыстау облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасымен әкімшілік істерді сот отырысына дайындау тексеру парағының екі тілдегі үлгісі әзірленді.

Тексеру парағы дегеніміз – бұл анықтауға немесе орындауға жататын істер мен міндеттемелерді қамтыған бақылау тізімі. Тексеру парағы әкімшілік іспен танысу барысында анықталуға тиісті 14 сұрақтан тұрады және оларға жауап беру нәтижесі іс құжаттарына тіркеледі. Осыған орай, тексеру парағы әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін орындау барысында судьяларға жүйелілік пен толықтылықты қамтамасыз етуге ықпал етеді. Сонымен қатар, аталған мерзімде облыстық соттың бастамасымен облыстың жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының алаңында дауды соттан тыс реттеу үшін бітімгерлік комиссиясы құрылды.

Бұдан бөлек, ӘРПК және атқарылған жұмыс бойынша Өңірлік коммуникациялар орталығының облыстық филиалында брифинг өткізіліп, әкімшілік әділет реформасын халыққа түсіндіру мақсатында бейнероликтер түсіріліп, ақпарат халыққа дер кезінде жеткізілуде.

Сот жүйесі тиімді болса, қоғамда заң үстемдігі берік орнығатыны анық. Нәтижесінде азаматтардың тұрмыс сапасы мен қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Мұндай өзгерістер, яғни әкімшілік әділет институтының тәжірибеге енуі қоғамның соттарға деген сенімін нығайтумен қатар, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғауға мүмкіндік туғызды.

ПӘРМЕН

**Мал бағу оңай шаруа емес. Соның ішінде малды күтіп ұстау және мал азығын дайындау да екінің бірінің қолынан келмейді. Оның үстіне, мал аурулары да соңғы кездері жиілеп кетті. Оларды дәрілеп, емдеп тұру да – шаруалардың міндеті. Мұның барлығы қажырлы еңбек пен көптеген материалдық шығынды қажет етеді.**

# МАЛ ҰРЛАҒАНДАР ҚАТАҢ ЖАЗАЛАНАДЫ

Осындай төзімділікпен және көп қаржы жұмсаумен баптап, бағып отырған малын біреулер ұрлап кеткенде мал иесінің қандай күйге түсетінін сөзбен жеткізу қиын. Ұрлық кей жерлерде малды бақпаудың салдарынан орын алып жатады. Кейде малының жоқтығын кеш көріп немесе өз бетінше іздеймін деп уақыт жоғалтқан жандар да ұрлардың із жасыруына мүмкіндік беріп жатады.

Мал ұрлығын азайту мақсатында заңға өзгеріс енгізіліп, тағайындалатын жаза күшейтілді. Атап айтқанда, ҚР Қылмыстық кодексіне мал ұрлығы бойынша арнайы 188-1 бап енгізілді. Мал ұрлау, яғни бөтеннің малын жасырын жымқыру фактілері орын алған жағдайда, қылмыс жасаған адамның мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салу не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына тарту, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу, не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген. Оның ішінде алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған әрекеттер және ірі мөлшерде жасалған мал ұрлау фактілері бойынша мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Тұрғын үй-жайдың, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің, мал қораның, қашаның немесе өзге де қойманың ауласына кірумен жасалған мал ұрлау фактілері бойынша кінәлі азаматтардың мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы белгіленеді. Сонымен қатар қылмыстық топтың аса ірі мөлшерде жасаған мал ұрлау фактісі орын алған жағдайда мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

«Еңбекпен жеген нан тәтті». Ал біреудің тепеңдеп жүріп баққан малын бір күнде ұрлап, табысқа кенелемін дегендерге жазаның қатаңдатылуы дұрыс қадам.

**С.ТАНИМОВА, Ойыл аудандық сотының төрағасы**
АҚТӨБЕ ОБЛСЫ

МЕЖЕ

# САЛАДАҒЫ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР

**Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды, оның ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екендігі мемлекетіміздің басты құжаты – Ата Заңымызда баян етілді.**

Тәуелсіздігіміздің басты кепілі және еліміздің басты ұстанымдары мен мемлекеттілік негіздерін қалыптастыратын Конституция – республикамыздың осы уақытқа дейін жеткен жетістіктері, экономикалық өрлеуі, жалпы халқымыздың татулығы мен тыныштығының басты тірегі десек, артық болмайды.

Ата Заңымызға, қоғамдық қатынастарды реттейтін заң талаптарына сай, республикамыздың кез келген азаматы, азаматтығы жоқ адамдар және шетел азаматтары халықаралық шарттарға сай, өзіне тиесілі құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда, оларды сот арқылы қорғауды талап етіп, бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге құқылы. Сот өз кезегінде азаматтардың, азаматтығы жоқ адамдардың және шетел азаматтарының арыздары мен шағымдарын заң шеңберінде, бейтарап түрде қарап заңды әрі әділ шешім қабылдайды. Бұл – құқықтық мемлекеттің, құқықтық қоғамның айқын келбеті.

Республикамыздың азаматтары тумысынан-ақ белгілі бір құқықтар мен міндеттерге ие. Ол құқықтар мен міндеттер адамдардың қоғамдағы өмір сүру әдебін реттеп, болашаққа деген сенімділігін нығайтады. Тәуелсіздік алғаннан бері еліміздегі сот жүйесінің сапалы дамуына үлкен мән берілуде. Бұл мақсатта көптеген реформалар қабылданып, жылдан-жылға сот жүйесін жетілдіру жұмыстары сәтті жүзеге асырылуда. Сот жүйесін жетілдіруде заманауи ғылыми жетістіктер пайдаланылып, ол өз кезегінде сот төрелігін жүзеге асыру процесін жеңілдетіп, оңтайландыруға өзіндік үлесін қосуда.

Тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде еліміздегі барлық сала заман талабына сай үздіксіз жаңғыртылды. Соның бірі – сот жүйесі дер едім. Сот жүйесінде Қылмыстық-процессуалдық, Азаматтық процестік, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс, Еңбек кодексі және басқа да қоғамдық қатынастарды реттейтін заң актілері, кодекстер қабылданды. Сот саласындағы жетістіктердің бірі – цифрлық технология. 2000 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық заң сот жүйесін қалыптастыру мен жетілдірудің маңызды қадамы болды. Судьялардың әлеуметтік жағдайы ескеріліп, қызметі материалдық-техникалық жағынан толық қамтамасыз етілді. Тәуелсіз сот жүйесін жетілдіруге аталған заң өз үлесін қосты.

Осы уақыт аралығында мамандандырылған соттар құрылды. Алқабилер институты енгізіліп, қамауға алу құзыры прокуратурадан соттарға берілді. Барлық деңгейдегі соттарда электрондық терминалдар мен бейнебайланыс жүйелері, басқа да ғылым мен техниканың соңғы жетістіктері енгізілді.

2015 жылғы Ұлт жоспары сот жүйесі дамуының жаңа кезеңіне негіз қалады. Бес сатының орнына үш сатылы сот құрылымына көштік. Судьялар корпусы мен сот актілерінің сапасына қатысты талап күшейтілді. Сот тәжірибесінде ең алдымен «Төрелік» ақпараттық жүйесі, «Сот кабинеті» сервисі енгізілгені есімізде. Кейіннен «Электронды шақыру қағазы», «Сот құжаттарымен танысу», «СМС-хабарлама» сервисі, «Талдау» форумы секілді жаңа электрондық қосымшалар халық игілігіне ұсынылды. Бұдан бөлек, облыстағы барлық сот мәжіліс залдары толықтай дыбыс-бейне жазатын құрылғылармен қамтамасыз етіліп, сот отырыстары таспалануда. Бұл мүмкіндіктердің бәрі сот қызметін жаңа деңгейге шығарды. Әсіресе, сотпен қоян-қолтық жұмыс істейтін адвокаттар қауымы «Сот кабинеті» сервисінің тиімді, пайдалы екенін айтуда. Жаңа ақпараттық технологияны енгізудің тағы бір тиімділігі – арызданушы азаматтар мен сот қызметкерлерінің тікелей қарым-қатынасқа түсуіне жол берілмейді.

Сондай-ақ «100 нақты қадам» Ұлт жоспары, судьялар съездерінде берген тапсырмалар, «Рухани жаңғыру», «Цифрлы Қазақстан» бағдарламалары республикадағы сот жүйесін жаңа арнаға бұрды. Осыдан үш жыл бұрын «Сот төрелігінің 7 түйіні» негізінде «Мінсіз судья», «Үлгілі сот», «Әділ процесс», «Е-СОТ», «Оңтайлы орта», «Сапалы нәтиже», «Сотсыз татуласу орталығы» жобалары жүзеге асқан еді. Соған орай судьялардың да мәртебесі жыл өткен сайын арта түсуде.

Ең бастысы, сот саласының қызметкерлері халықтың сотқа деген сенімін арттырып, заң шеңберінде әділ сот төрелігін жүзеге асыруда. Сот жүйесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуде.

**Аида ДЖУКЕЕВА, Шымкент қаласы, Еңбекші аудандық сотының судьясы**

САРАП

# КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТТЫҢ ҚҰРЫЛУЫ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

**2022 жыл еліміз үшін ауқымды әкімшілік-саяси жаңғырумен есте қалуда. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев Қазақстан халқына арнаған жолдауында еліміздің әкімшілік-саяси жүйесінде ауқымды реформалардың басталғанын жариялады.**

Жаңа реформаларға қол жеткізу үшін қолданыстағы Ата Заңымызды заман талабына сәйкестіру қажеттігі туындады. Бұл мақсатта әдеттегі Парламенттік талқылаулар шеңберінен шығып, жаңа өзгерістерді халықтық таңдауға берген жөн деп шешілді. 5 маусымда бәріміз соның куәсі болдық. Елінің ертеңіне сенген әрбір азамат референдумда дауыс беруден қалыс қалмағаны анық.

Референдум өтті, Ата Заңдағы жаңашылдықтардың барлығы халықтың қолдауын тапты. Бұл жолы да бірлігімізді танытып, мемлекет тағдырын оң арнаға бұруға атсалыстық деп ойлаймын. Конституцияға енгізілген өзгерістерді бұл жай ғана саяси қайта құру емес, бұл халықтың өз өкілеттігін кеңейтуге мүмкіндік алуы деп қараған жөн. Конституциялық өзгерістердің маңызды бағыты адам құқықтары, оларды қорғаудың және заңдылықты сақтаудың жаңа тетіктері болып табылады. Жаңа түзетулер құқық қорғау тетіктерін елеулі түрде күшейтеді. Бұл ретте адам құқықтарын қорғаудың кепілдіктері мен тетіктері, сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі уәкіл және Конституциялық сот сияқты құқық қорғау институттарының мәртебесі Конституцияда ең жоғары деңгейде бекітілді.

Реформаның тағы бір ауқымды блогы – суперпрезиденттік басқару нысанынан классикалық президенттік басқару жүйесіне көшумен өзектес. Бұл саяси аренада жаңа саяси күштердің және өкілді органдарда жаңа депутаттардың пайда болуына мүмкіндік береді.

Жаңа өзгеріс бойынша Президент саяси партия құрамына мүше бола алмайды. Бұл ретте, Президентіміз саяси партия құрамынан алдын ала шыға отырып, саяси бәсекелестіктің артуына мүмкіндік жасады. Ендігі уақытта саяси партияда болуға тек президенттерге ғана емес, әкімдерге де, олардың орынбасарларына да тыйым салынды. Сондай-ақ, келешекте өзгеріске ұшырайтын «Саяси партиялар туралы» заң саяси партияны құру тәртібін айтарлықтай жеңілдетеді.

Құқық үстемдігі саласындағы маңызды өзгерістің бірі – Конституциялық сот құру болып табылады. Конституциялық сот Еуропа, Латын Америкасы, Африка және ТМД елдерінде кең таралған және қазіргі уақытта әлемнің 70-тен астам елінде жұмыс істейді. Қазақстанда конституциялық соттың құрылуы уақыт талабынан туындап отыр. Баршаға мәлім, 1995 жылғы қолданыстағы Конституцияға сәйкес, Конституциялық Кеңес құрылды, ол 27 жыл ішінде өз өкілеттігі шеңберінде құқықтық мемлекет қағидаттарын бекітуге үлкен үлес қосты.

Қолданыстағы «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңның 1-бабының ережелеріне сәйкес, Конституциялық Кеңестің негізгі миссиясы республиканың бүкіл аумағында Конституция үстемдігін қамтамасыз ету болып табылады. Конституциялық Кеңес өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде дербес және мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан тәуелсіз, республика Конституциясына ғана бағынады әрі саяси және өзге де себептерді негізге ала алмайды.

Бүгінде талап пен сұраныс өзгергенін көріп отырмыз. Азаматтарға нақты құқықтарын кеңейтетін тетіктер қажет. Енді Конституциялық сотқа азаматтар, заңды тұлғалар және басқа да қоғам өкілдері жүгіне алады. Бұл өте маңызды әрі орынды жаңашылдық және «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының жүзеге асуының айқын көрінісі деуге болады.

Жоспар бойынша Конституциялық сот келесі жылдан жұмыс істеуді бастайды. Соның арқасында Қазақстанның әрбір азаматы белгілі бір дауды шешу кезінде заңға және өзге де нормативтік-құқықтық актіге сәйкес күмән туындаған жағдайда тікелей Конституциялық сотқа шағымдана алады. Бұрынғы тәртіпке сәйкес Конституциялық Кеңеске өтініш жасау құқығына ҚР Президенті, Премьер-Министр, Сенат төрағасы, Мәжіліс төрағасы, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігі, сондай-ақ соттар ие болған еді. Конституциялық сотқа тікелей өздері немесе адам құқықтары жөніндегі омбудсмен, Бас прокурор арқылы, сондай-ақ жалпы соттар арқылы жүгіне алады.

**Эльмира ОЙКУЛОВА, Атырау қаласы №2 сотының судьясы**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# АЛҒАШҚЫ АТА ЗАҢ АВТОРЫНЫҢ ҮЙІ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

***Барлыбек Сыртанов тұрған үй әлі бар. Қайраткердің Алматы қаласында Бәрібаев көшесіндегі № 5 үйде тұрғанын зерттеуші Елдос Тоқтарбай Барлыбектің ұлы Кәкеннің өз қолымен жазған хаты арқылы дәлелдейді. Ал ғаламтордағы ашық дерек көздеріне сүйенсек, Мұхамеджан Тынышбаев өзінің «Барлыбек Сыртанов» туралы жазған некрологында «Барлыбек, Тұрлыбек» аталып ағайынды екеуі Алматыда тұрды. Жетісу облысына қараған қазақ-қырғыз бәрі бұларға ағайын-туыс болып, бұлардың үйінде топырлап жатпаған кезі болған емес. Теңдікке қолы жетпегендер Барлыбек, Тұрлыбекке жылап келіп, теңдік алып мауқын басушы еді» деп жазыпты.***

***Бүгінде Алаш қайраткері, демократ, реформатор, заңгер Барлыбек Сыртанов тұрған үй тозығы жетіп, жетімсіреп тұр. Қазір ол үйге жақын маңдағы ескі үйлер бұзылып, орнына көпқабатты үйлер салынуда. Қазақ тарихында өзіндік орны бар Алаш азаматы тұрған үйді мемлекет қамқорлығына алу, реставрация жасап, бүгінгі ұрпаққа тәлім болар мұражайға айналдыру ел билігінде жүрген қазақ азаматтарының парызы.***

***Алайда, ол үйдің техникалық паспорты беріде жасалғандықтан, Барлыбектің баласы Кәкеннің хаты да, ұлт зиялысы Мұхамеджан Тынышбаевтың да дәлелі есепке алынбай тұр. Барлыбек Сыртанов тұрған үйдің қатарындағы көпес Филипповтың үйін қамқорлыққа алған Алматы қаласының әкімдігіне қазақтың тұңғыш конституциясын жазған қайраткердің үйі маңызды болмағаны ма!***

***Өз тарихымызды өз қолымызбен қирататын әкімдік жуырда ол үйді бұзбақшы! Оның орнына сырты алабажақ «құмырсқаның илеуі» салынатын болар!***

**Гүлнәр МАҒЗҰМОВА**

ТҰЛҒА

# СЫРТАНОВТЫҢ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІГІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

«Алаш» партиясының белсенді мүшелерінің бірі, 1905 жылы Орал қаласында өткен «Бес облыстың делегаттары» съезіне Ә.Бөкейханов, Ж.Сейдалин, М.Дулатов, Б.Қаратаевтармен бірге қатысқан, Верныйда қызметте жүргенде белгілі қоғам қайраткерлеріне айналған Ораз Жандосов, Мұхамеджан Тынышбаев, Ысқақ Дүйсенбаев, Салық Аманжолов, Базарбай Мәмбетов, Нүсіпбек Жақыпбаев, Қанат Боранбаев, Жұбаныш Бәрібаев сияқты қазақ жастарын гимназияға қабылдаттырған, XIX ғасырдың 80-90 жылдар аралығында патшалық Ресейдің Санкт-Петербургтегі императорлық университетінің шығыс тілдері факультетін араб-парсы және түрік-татар тілдері мамандығы бойынша бірінші дәрежелі дипломмен үздік аяқтап, шенді қызметтер атқарған, ең бастысы, Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың тапсыруымен алғашқы қазақ Конституциясының мәтінін жазған Барлыбек Сыртановтың қазақ мемлекетіне қосқан үлесі өлшеусіз.

1886 жылы Жетісу өңірінде дүниеге келген Барлыбектің әкесі Сыртан ерлік істерімен, өжеттігімен әрі мәрттігімен есімі елге танымал. Ол кезінде Жетісу генерал-губернаторы Колпаковскийге Қапал, Ақсу, Үйгентас, Алакөл аймақтарын аралатып, балаларын оқытуға ықпал етуін сұраған көреген қазақ. Ағайынды Тұрлыбек пен Барлыбек Верныйдағы сол кездегі элитарлық білім ордасы – ер балалар гимназиясына қабылданады.

Тұрлыбек ұзақ жылдар Жетісу генерал-губернаторының тілмәші, колледждік регистор қызметін атқарып, көмек сұрағандардың арқа сүйер тіреуіне де, сүйеуіне де айналады. Денсаулығы сыр беріп тым ерте қайтыс болады. Ол Жетісу өлкесінің аса қадірлі азаматтарының қатарында болып, Мәскеуде тойланған Ресей императорының тәж кию салтанатына қатысқан. Бұл туралы мәлімет Мемлекеттік мұрағатта сақталған. (ОММ: 44-қор, 1-іс, 999 қатар)

Ал, Барлыбек болса, гимназия директоры Д.Новактың жолдамасымен Санкт-Петербург университетіне аттанады. 1891–1894 жылдары оқып, шығыстану факультетін тәмамдаған Барлыбек Ташкент қаласындағы Түркістан генерал-губернаторының қазыналық палатасында жұмыс істеп, колледжский шенін иеленеді. 1894 жылдың қыркүйегінде Жетісу әскери губернаторының бұйрығымен облыстық басқарманың іс жүргізу бөлімінің меңгерушісі, соңыра ерекше тапсырмалардың кіші шенеунігі қызметін атқарып, қолынан келгенше жәбір көрген қандастарына қарайласады. Бұл турасында жыр алыбы Жамбылдың 1881 жылы Верный қаласында Сыртан батырды кездейсоқ кездестіргенде айтқан жыры халық арасына кең тараған.

Барлыбек Сыртанов қысқа ғұмырында халқы үшін қыруар қарекет еткен қайраткер. Аса сауатты, білімді азаматтың қай майданда да ерлікке пара-пар еңбегі өлшеусіз. Санкт-Петербург университетінің заң факультетін тәмамдап, 1890–1897 жылдары билік басындағы сенат департаментінде қызмет етіп, 1907 жылы Екінші Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланған білгір саясаткер Бақытжан Қаратаев Б.Сыртановқа жазған хатында: «...Один ты по-моему, заслужил расположение народа. Один ты имеешь право сказать, что работал за народ. Кто же больше. Все остальные – сытые подлецы на казенных жалованьях – лишь умеют зло завидовать и змеиным образом шипеть вокруг тех, кто работает, тогда как они сами пальцами не шевелят за народ» деген сөзі дәлел. Осыған байланысты тоқтала кетерлік жайт, Барлыбектің базалық білімі филологиялық шығыс тілдері болғанымен, заң, құқық, саясат, мемлекеттік құрылым, жер мәселелеріне сұңғыла сауатты, юриспруденциялық ілімі кемел еді. Реформатордың қазақ халқының өмірін жақсартуға арналған ресми баяндамалары, қызметтік хаттары мен «Алатау баласы», «С.Б.Алашинский» псевдонимдерімен сол кезеңдегі беделді деген негізгі баспасөздегі мақалалары өз зерттеушілерін күтіп тұрғаны анық.

Басылымдарда «Алатау баласы» псевдонимімен жазылған «Қазақ халқының қазіргі һәм ілгері күні турасынан бірнеше ойға келген сана», «Несколько мыслей о настоящем и будущем киргизов. Корреспонденция из Семиреченской области», «Партия һәм низамсыз жинаған алым», «Незаконные поборы и партийная борьба» мақалаларын айтуға болады. Сонымен қатар, Хасен Оралтайдың: «Барлыбек Сыртанұлы... түрік тілінен мол мағлұматы бар жандардан еді. Жоғары білімді екендігіне қарамастан ұлты орыс болмауы себепті оған мамандығына сәйкес жұмыс берілмеді... Барлыбек Сыртанұлы «Алаш» партиясының белсенді мүшелерінің бірі болды. Сондықтан, кейбір жұмыстарды үйлестіру және орталық үкіметпен қарым-қатынаста болу үшін ол 1911 жылы Петербургқа жіберіледі. Осыдан барып патшалық Ресей үкіметінің тарапынан құдаланады. Барлыбек Сыртанұлы 1913 жылдың ақпанынан шыға бастаған «Қазақ» газеті авторларының бірі болған. Оның осы газетте жарық көрген мақалаларынан басқа да еңбектері бар. Бірақ, жарияланбаған, қолжазба күйінде көбейтілген...», – деген пікірін, Кеңес Нұрпейісовтің: «...1905 жылдың соңында Орал қаласында өткен Ә.Бөкейханов, Ж.Сейдалин, М.Дулатов, Б.Қаратаев, Б.Сыртанов сияқты қазақ зиялыларының өкілдерінің «Бес облыстық делегаттар съезі» аталған басқосуда жасаған «Қазақ конституциялық демократиялық» партиясын құру жөніндегі әрекеті болды. Бұл әрекет сол кезде Петербургте оқуда болған Халел Досмұхамедов тарапынан да қолдау тапты... Алайда, бірінші орыс революциясы жылдарында саяси әртүрлі іс-әрекеттерге араласқандығы үшін Ә.Бөкейхановтың, Ж.Сейдалиннің, Б.Сыртановтың, А.Кенжиннің, Ж.Ақбаевтың және де басқа қазақ демократтарының қуғын-сүргінге ұшырағаны белгілі», деген сынды ойларын басшылыққа ала отырып, тағдырлас қайраткерлердің тыныс-тіршілігінің бір-бірімен тығыз байланыстылығын, аталған азаматтардың жеке мұрағаттарынан да іздей түсіп, Б.Сыртановқа қатысты ақпараттарды толықтыруға болатындығы айқын.

Барлыбектің адами болмысының көп сырын оның қайтыс болуынан кейінгі жарияланған қазанамалық мақалалардан кездестіруге болады. 1914 жылы 26 қарашада құрт ауруынан қаза болған қайраткерге байланысты сол жылдары баспасөз беттерінде бірнеше еске алған, көңіл айтқан мақалалар жарық көрген. «Айқапта» С.Ғиясов есімді азамат: Өткен ноябрь жұлдызының 26-да Барлыбек Сыртанов қайтты. Бұл кісі бір тәкаппар адамның баласы еді... Кішіпейіл, өршіл, сөйлескенде сөзін таза қазақ тілімен сөйлейтұғын, турашыл һәм діндәр бір адам еді. Бұл жақтағы елдің шаһбазы десе де болады. Салынған топырағың жеңіл, иманың саламат, ғақбетін қайырлы қылып, артында бала-шағаларына көркем сабыр берсін» деп жазса, Әлихан Бөкейханов «Қазақ» газетінде Міржақып Дулатовтан Барлыбектің қайтыс болғандығы туралы хатын алып, «Барлыбекті ұмытпасқа» жазып отырғандығын айта келіп, 1890 жылдан білетінін, «жұртым» деп іске кіріскен, көп іс тындырған азаматтығын, 1910–1911 жылдары қазақ жері үшін қам қылам деп Петроградта бірнеше ай жатқандығын, «...1911 жылы жазғытұрым Петроградта тағы өстіп іс қылмақ болып, құшақтасып, сүйісіп айырылысқан едік.

*«Өлімнің ұйқысы емес іздегенім,*
*Ұйқы тыныш, ұмыту бер дегенім,*
*Көкіректе ғұмырдың күші тұрып,*
*Іздеймін демалысты үзбегенін.*

(Абай). Хош, қарағым, Бәке, қабірің осындай болсын!» – деп аяқтаған мақаласы жарық көреді. Келесі жылы осы газетте М. Тынышбаевтың «Барлыбек Сыртанов» атты көлемді мақаласы жарияланады. Барлыбектің өскен ел, туған жерінен, шыққан тегінен бастап, жас кезінен «Барлыбек, Тұрлыбек» аталып, Сыртан батырдың екі баласының аты шыққанын айта келіп, «Барлыбек марқұмды білмеген қазақ кемде-кем», бүйткен қазақтың «дүнияны қалай өткізгенін мақұл көріп», кеңінен мәлімет беруді жөн көргенін айта кетеді. Алыс жаққа білім іздеп кетіп, университеттен оқуды көңіліне тоқып, жаңаланып қайтқан Барлыбектің адами болмысына да тоқталып: «Біреумен дауыс шығарып қатты сөйлесу, біреуді жамандап, я жаманшылық қылу, мұндай істі Барлыбек қылып көрген емес. Үлкен, я замандас болса, оған Барлыбек «тақсыр» деп сөйлеуші еді, кіші болса «қарағым» деуші еді. Шын көңілімен, бейілімен мұсылман еді. «Ұлық болсаң кішік бол» деген мақалды анық көрсеткен Барлыбек еді. Үлкен оқуды оқып, шын оқыған дәрежелі болған Барлыбек еді. Бұл мінезіне қарай бір жолығып, бір сөйлескен адам Барлыбекті ұмытпас еді. Барлыбекті білген ұлылар шын мақтап қошемет қылып, өзін артық көруші еді» деп жазады.

***Б. Сыртанов 1903–1907 жылдардағы Ресей мен Қытай шекарасын бөлудегі, халық игілігіне жарату мақсатымен «Арасан», «Барлық-Арасан» емделу-демалыс орындарын ашудағы үлкен қажырлы еңбегінен бөлек, Әлихан Бөкейхановтың тапсыруымен 1911 жылы «Қазақ елінің уставын» жазған, қазақ мемлекетінің алғашқы Конституциясының авторы болып табылады.***

1894–1905 жылдары Сыртанның қос ұлы Алматыда тұрып, Жетісу, Семей, Сырдариядан келген қазақ-қырғыз, ноғайдың «теңдікке қолы жетпегендері... жылап келіп, теңдік алып мауқын басушы еді» дей келе, 1905 жылы көкжөтелден Тұрлыбектің қайтыс болғанын, қасында болған Барлыбектің сол кезден денсаулығы нашарлағанын, әйтсе де халыққа қызметі мен саяси шараларға бел шеше араласып, оны қасында жүрген губернатордан да еш жасырмағанын, науқасы жеңе бастағандықтан, 1909 жылы 18 жылдық қызметінен босап, «Жетісу облысы қазақ-қырғызының бірінші ардақты адамы болып, еліне қайтқанын», 1911 жылы қазақ, қырғыз, сарт, ноғай жиылып, Барлыбекті Петроградқа жібергенін, Әлиханға жолығып, көп сөйлескенін айтып өзіне хат жазғанын, денсаулығының нашарлап, қан түкіргеніне қарамастан, қазақтың жері, елі, мемлекеттігі жолында қажет құжаттарды қарай отырып, қағазын жазып бітіргенін кеңінен айтады. «Петроградтан келген соң-ақ Барлыбек күннен-күнге жүдей бастағанын, 48 жасында ата-анасының, аға-іні, бала-шағаларының алдында бұл жалғаннан қайтқанын жаза отырып: «Барлыбек марқұм әлі келгенше қазақты ілгері бастыруға һәм жан-жақты қорғауға көп тырысты. Жұмысының алды, әсіресе, қазақтың жері еді. Бұл жұмыс үшін денсаулығын аямай жүріп жөтелін ұлғайтып алды, сол жөтел Барлыбекті алып кетті! Иманы жолдас болсын, қазаққа көбірек қалдырам деп ізденіп жүрген қазақтың қара жерінің топырағы марқұмға жеңіл болсын!..» деп аяқтаған.

Б. Сыртановтың қазақ мемлекеттігіне қосқан үлесі ұшан-теңіз. Жоғарыда сөз болған, қиналған бауырларына қол ұшын берген көмегі, қазақ жерін сақтап қалу, қазақ халқының дербес мемлекеттігін сақтап қалу мұратымен жариялаған публицистикалық мақалалары мен жоғары лауазымды шенеуніктерге жазған аса сауатты хаттары, мектеп ашып, денсаулығының нашарлауына қарамастан демі біткенше орыс тілі мен әдебиетінен қазақ балаларына сабақ беріп, Петербургтен алып келген екі мыңдай дүние жүзілік классикалық әдебиет мұралары мен энциклопедияларын ел игілігіне айналдыруы – елім деген ердің қолынан ғана келетін ерлік іс.

Бұл турасында тағы бір тарихи деректі айта кетейік. Барлыбектің жерлесі, қазақ поэзиясының Құлагері Ілияс Жансүгіровтің өмірін алғаш зерттеген Мырзабек Дүйсеновтің жары Фатима Ғабитованың үйінде әпкесі Мәрзиядан Ілиясты алғаш қалай көргенін сұрағанда: бірінші рет 1919 жылдың күзінде Қайнар деген бір мешіттің ішінде көргенін, «төрде, сандықты ашып, жүресінен кітап ақтарып отырған жасы жиырма-жиырма бестер шамасындағы келбетті жігіттің» орыс, батыс европа классиктерінің кітаптарын оқып отырғанын көріп, алғаш таңдана тілдескендігін айтқан. Үй иесі бұл кітаптардың Барлыбектікі екендігін, «Сыртанның Петроградта оқып, Верныйда әкім болған баласы. Әкімдермен келісе алмаған білем, сол кейін осында келіп тұрды. Өлгеніне төрт-бес жыл болып қалғандығын» жеткізеді. Ал ұлы ақын бұл кітаптарды қайдан білген сынды орынды сұрақтың жауабын СССР Журналистер одағының мүшесі Тәңірберген Қалилахановтың «Ұлағатты ұстаздар» мақаласындағы мәліметтермен анықтауға болады. 1909 жылдан өзі қайтыс болған 1914 жылдың аяғына дейін «Сүттігендегі» ауылында тұрған жылдарында қасындағы «Қарағаш» мектебінде оқып жүрген қазақ балаларына орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берсе керек» – дей отырып, Барлыбектің баласы Кәке Сыртановпен Ілиястың қатар араласып бірге өскендігіне тоқталады.

Барлыбек Сыртановтың қазақ қоғамын жетілдіру мақсатындағы отырықшылық, егіншілік пен мал шаруашылығын тиімді үйлестіре білген, ауылдық жердегі тұрғындардың тұрмысын реттеуге арналған, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты сақтай отырып, зиялылықтың элементтерін ұтымды кіріктіріп, елді мекендерді өркендетуге арналған, яғни, «баланы ұл болсын, қыз болсын оқытатын», «қарта, басқа құмар ойындарын ойнамайтын», «бозбалалар, қарасақал, ақсақалдары намаз оқып, ораза ұстайтын», «байы зекет бермесе айыпты болатын» 50 үй арасына арналған «Ынтымақ» ережесі – күні бүгін де қызыға оқып-тоқитын құжат екендігі айғақ.

Ең бастысы, Б.Сыртанов 1903–1907 жылдардағы Ресей мен Қытай шекарасын бөлудегі, халық игілігіне жарату мақсатымен «Арасан», «Барлық-Арасан» емделу-демалыс орындарын ашудағы үлкен қажырлы еңбегінен бөлек, Әлихан Бөкейхановтың тапсыруымен 1911 жылы «Қазақ елінің уставын» жазған, қазақ мемлекетінің алғашқы Конституциясының авторы болып табылады.

Уставтың кіріспе сөзінен кейін, «Қазақ елі республикасының жеке болуы турасында», «Адам баласының хұқы турасында», «Қазақ жері турасында», «Сот турасында» деп аталатын төрт тараудан құралған. Құжат мәтінінің маңыздылығын кіріспеден-ақ сезінесіз. Жаңа заманда атыссыз, соғыссыз, қан төкпей бейбіт жолмен жерімізде хүкметі өз қолында ел болу мақсатында, барлық елдермен достықта болу үшін жеке Қазақ елі республикасын құрамыз. Қазақ елі республикасында жоғарғы билік жүргізуді бүкіл қазақ және басқа нәсілдердің өкілдері дауыс беру арқылы іске асырады. Сайланатындар елдің ең сүйікті, білімді, елі үшін жанын беретін адамдар. Өз алдына ел болуды көздеумен дүниеде өзін-өзі билеген нәсілдер сияқты жеке ел болу мақсатында һәм елді бақытты, теңдік, бостандық өміріне жеткізу үшін осы уставты кіргізеді.

Бұл сөздердің мәні тәуелсіздік алып, көк байрағы көгінде желбіреген қазақ елі үшін күні бүгін де маңызын жойған жоқ. Барлыбек Сыртановтың елінің егемендігі, қазақ ұлтының дербес мемлекеттілігі, жерінің тұтастығы, ұрпағының бақытты болашағы үшін жасаған қыруар еңбегін оқып-білу, бағалау аса маңызды.

**Назым АЛИЕВА,**
**заңгер**
**Ләззат МАХАЙҚЫЗЫ,**
**әдебиеттанушы**

МІНБЕР

# ҚЫРЫҚ ЖЫЛҒЫ ТӘЖІРИБЕДЕН ТҮЙГЕНІМ

**Құқықтық мемлекетте барлық қарым-қатынастың заң арқылы реттелетіні белгілі. Осыған орай тәуелсіздіктің отыз жылында судьялардың мәртебесін нығайтып, қызметін жетілдіруге барынша мән берілді. 2000 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» заң – қоғамдағы үшінші биліктің қызметін нақтылаған ең негізгі құжат. Сонымен қатар, соттың мерейін өсіруде Қазақстан Республикасы Судьялар одағы қоғамдық бірлестігінің де көмегі көп.**

1996 жылдан бері республика судьяларының съезі әр төрт жыл сайын ұйымдастырылып келеді. Бүгінге дейін сегіз съезд өткізілді, олардың көтерген жүгі, шешкен мәселелері ауқымды. Одақ тарапынан үздік судьяларды анықтап, үздік соттарды даралауға қадам жасалды. Судьялар мен сот қызметкерлерінің қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, спорт, өнер, шығармашылыққа байланысты қабілеттерін шыңдауына мүмкіндік берілді. Мұндай сайыстар шын мәнінде жанымызда жүрген әріптестерімізді жаңа қырынан тануға, өнерін өрістетуге жол ашты.

Осыдан көріп тұрғанымыздай, судьялар мен сот қызметкерлерінің жұмысын жандандырып, беделін көтеруге байланысты шаралар бір сәт те тоқтамаған. Ал арнайы кәсіби мерекенің белгіленуі сала қызметкерлерінің мерейін үстем етті. Мен өзім Атырау облысы Индер аудандық сотына сонау 1983 жылы сот мәжілісінің хатшысы болып жұмысқа қабылдандым. Сол уақыттан бастап табан аудармастан күні бүгінге дейін кеңсе меңгерушісі болып қызмет атқарып келемін.

Қазақстанның сот жүйесі жыл сайын жаңарып келеді. Тың жаңалықтар мен реформалар енгізілуде. Осылардың басы-қасында болып, сот саласын ілгерілетуге үлес қосқанымды мақтан етемін. Сот төрелігі десек, көз алдымызға сот билігін жүзеге асыратын, сот актілерін шығаратын бірінші сатыдан бастап Жоғарғы Сот судьяларының корпусы елестейді. Ал бүгінгі күні соттардың жұмысы тек сот актілерінің сапалы дайындалуынан бөлек басқа да өлшемдермен бағаланатынын ескерсек, оны ұйымдастырудағы сот кеңсесіне жүктелінген міндеттердің маңыздылығын айтпай кетуге болмайды.

40 жылға жуық қызмет атқарған кезімде қаншама судьялармен, қайраткерлермен қызметтес болып, олардан алған тәлім-тәрбиемді кейінгі жас мамандарға үйрететін дәрежеге жеттім. Осы сотта жүріп тұлға болып қалыптастым. Алғаш судья Т.Кабдиев (марқұм), одан соң судьялар Д.Садбанов, Х.Уразалиев, А.Куспанов, Ғ.Ибрагимов, Е.Аманғалиев, Д.Тухфатова, С.Берикова, З.Бекжанова, Д.Даумов, Р.Алдамбергенов, Ж.Хабаровтардан жинақтаған тәжірибем өміріме зор ықпалын тигізді. Бұдан басқа, осы сот саласында әр кезеңде кеңсе мамандары болып қызмет атқарып, кейіннен әр өңірге судья болып кеткен Т.Нуримова, З.Хамидуллина, А.Хамзина, А.Сұлтанғалиевтар туралы да айтпай кетуге болмас. Оларға деген құрметім шексіз. Сонымен қатар, қазіргі кезде аудандық сотта жұмыс жасап жатқан кеңсе мамандары А.Алиева, А.Курманбаева, Ш.Кулшарипова, А.Ергалиева, А.Дияровалардың еңбегін ерекше атап өтуге болады. Кеңсе мамандары ауызбіршілікпен қызмет атқаруда.

Қызметке араласқан алғашқы жылдары барлық жұмыс қолмен жасалды. Заң қатаң болды, сот саласына көңіл бөлінбеді, көшпелі сот отырыстары көп өтетін. Сот процесіне екі халық заседателі міндетті түрде қатысатын еді. Басталған сот үкім шығарылмайынша, сол халық заседательдерінің қатысуы міндетті болатын және басқа заседательмен ауыстырылмайтын. Олар судьямен бірге үкім шығаруға міндетті. Ал сот отырысы бір күнде аяқталмайтын. Заседательді жұмыстан сұрап алудың өзі күрделі мәселе еді. Сот отырысының хаттамалары қолмен жазылатын, егер бір беттен қате кететін болса, қалған парақтар түгел қайталап көшірілетін. Кейіннен машинкамен терілді, оған да сот актілері толықтай терілмейді, яғни сыймайды. Оны бірнеше рет қайталап, машинкаға теретінбіз, ленталардың жұлым-жұлымы шығатын. Осындай қиыншылықты көргенбіз, осындай жағдай барлық соттарда болған, оны сот ардагерлері біледі.

Қаншама жұмыс, күндіз-түні сот мекемесінде уақытпен санаспай, қона жатып, жұмысымызды атқара беруші едік. Өзім қызмет атқарған сотта бір судья, бір сот мәжілісінің хатшысы, бір хатшы-машинистка қызмет атқарды. Осы қызметкерлер қаншама тер төкті десеңізші. Тек 2000 жылдан кейін ғана сотқа көңіл бөліне бастады. Кеңсе мамандармен толықты, компьютер берілді. Онда да жалғыз компьютер болатын, онымен жұмыс жасау әдісі үйретілді, ксерокс аппаратымен қамтамасыз етілді. Бір компьютерді кезектесіп үйреніп, қызмет атқарған кезіміз болды. Біз үшін ол да бір тарих.

Ал қазіргі кезде барлық жұмыс ашық, жария, электронды түрде жасалады. Бұл үлкен қуаныш. Әр қызметкер өзінің персоналды компьютерімен қамтамасыз етілген. Әр маманға тиімді жұмыс жасауға зор көңіл бөлінген. Халыққа да тиімді жағдай жасалды. Оларға арызын үйден шықпай-ақ «Сот кабинеті» арқылы жолдап, кейіннен сот істерінің жүру процесін қадағалап отыруға мүмкіндік туды. Сот қызметкерлерінің жалақысы да ойдағыдай өсті.

Медиаторлар мен «Билер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің атқарып отырған жұмысы да көңіл көншітерлік. Осының арқасында соттың жүктемесі азайып, азаматтар сот процесіне қашықтан қатысып, уақыты үнемделді. Қазіргі кезде еліміздің сот жүйесінде «Төрелік» ақпараттық жүйесі зор қолданысқа ие. Бағдарламада электрондық азаматтық істерге көшу және электрондық сот залын құру секілді іс-шаралар жоспары қарастырылған. Ақпараттық жүйені қолдану судья мен сот қызметкерінің жұмыс орнын автаматтандыруға, сот отырысынан дыбыс-бейне жазба жүргізуге, электрондық базалар мен құқықтық ақпараттық жүйелермен ақпарат алмасуға, соттардың жұмысы туралы ақпараттарға азаматтардың қолжетімділігін арттыруға, сот қарауындағы істер туралы ақпаратты және сот шешімдерін интернет-сайтта жариялауға бағытталған.

Сот төрелігі бүгінде мүмкіндігінше ашық, жария түрде жүзеге асырылуда. Халықпен жұмыс жасаудағы перспективасы зор ақпараттық сервис, ол – «Сот кабинеті» сервисі. Сервис арқылы сотқа электронды түрде талап арыз, шағым, өтініш беруге, мемлекеттік баж салығын онлайн режимде төлеуге, сот құжаттары мен жалпы сот ісіне қатысты барлық құжаттарды осы сервис арқылы сотқа ұсынып, істің қозғалысын қадағалап отыруға болады. Бұл қызмет аясында жаңа заман талабына сай дыбыс-бейнежазбаны енгізіп, сот отырысының электронды хаттамасы қалыптастырылады. Жасалған хаттаманы сот отырысының қатысушылары ғаламтор арқылы «Сот кабинетінен» көруіне болады. Пайдаланушының қалаған уақытында сот құжаттарын қарауға, іс бойынша сот актілерін басып шығарып алуына мүмкіндігі бар.

Сот жүйесінде заманауи технологияларды, оның ішінде жоғарыда айтылған функцияларды пайдалану сот ісін жүргізуді жеңілдетеді, төрешілдік кедергілерді қысқартады, сот органы қызметкерлерінің азаматтармен байланысын азайтады. Бұл сыбайлас жемқорлықтың қысқаруына септігін тигізеді, халықтың уақыты мен қаражатын үнемдейді, еліміздің халқы үшін сот жүйесінің максималды ашықтығы мен қолжетімділігіне жетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар «Виртуалды сот» пилоттық жобасы іске қосылды. Аталған жоба аясында тараптар смартфондарына орнатылған «TrueConf» қосымшасы арқылы сот процесіне бейнебайланыс арқылы онлайн режимде тікелей қосыла алады. Ал сот процестерін виртуалды өткізу сот төрелігін жүзеге асырудағы аумақтық кедергілерді жойып, уақыт және материалдық ресурстарды үнемдеп, сот төрелігіне қол жеткізуді қамтамасыз етуде. Яғни, енді сот процесіне қатысу үшін сот залына келудің қажеті жоқ. Цифрландыру бағдарламасы арқылы сот процесіне әлемнің кез келген түкпірінен онлайн қосылуға болады.

Сот саласына енгізілген өзгерістер өз жемісін беруде. Бүгінге дейін атқарылған жұмыс аз емес, алда да атқарылар іс қомақты.

**Гульфара ЕГІЗБАЕВА,**
**Индер аудандық сотының кеңсе меңгерушісі**
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

БЕЗБЕН

**Бүгінгі таңда банк қызметіне жүгіну арқылы қалаған затыңызға оңай қол жеткізуге болады. Банктен несие алу оңай болғанымен, оны қайтаруда туындайтын қиындықтар аз емес. Сондықтан да, сот тәжірибесінде банктік қарыз шарттарынан туындайтын даулар жиі кездеседі.**

# БАНК ДАУЛАРЫН СОТТАН ТЫС ШЕШУ ТИІМДІ

Сотқа жүгінушілер көп жағдайда банктік қарыз шартының артында үлкен жауапкершілік барын ескермей жатады. Қарыз алушы банктік қарыз жөніндегі шарт жасағанда өзіне белгілі бір міндеттемені алады. Сол арқылы негізгі қарызбен қоса, банктің сыйақысын мерзімінде төлеуге міндеттенеді. Несие қарызын алу оңай болғанымен, өзінің төлем қабілетін есептеп алмай әрекет еткендерге міндеттелген соманы қайтару қашанда қиын. Мұның соңы сот ісіне ұласып жатады.

Өз кезегінде соттар банктік қарыз шарттарынан туындайтын дауларды қарағанда банк пен жеке тұлға арасында жасалған шарттың заңнама талабына сәйкестігін мұқият зерделейді.

Банктік қарыз шарты бойынша берешекті өндіріп алу туралы талапты қараған кезде шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше немесе тиісті дәрежеде орындамау және осы бұзушылықтардың себептері неден көрінетіні жан-жақты қаралады. Сонымен қатар, соттар өндіріп алынуы тиіс берешек неден құралатынын (негізгі борыш, сыйақы, тұрақсыздық айыбы), берешекті өндіріп алу туралы талаптар банктік қарыз шартының талаптарына қаншалықты сәйкес келетінін тексереді. Бұған қоса, соттар борышкердің жауаптылық үлесін азайтуға мүмкіндік беретін мән-жайларды да қарастырып, істі дұрыс әрі объективті шешуге қажетті басқа да мән-жайларды анықтап алады. Жалпы алғанда, банктік қарыз шарттарынан туындайтын даулар бойынша соттар олардың заңдылығын және негізділігін мұқият тексеруге, негізгі борыш, сыйақы, тұрақсыздық айыбы бойынша берешек есептерінің дұрыстығын зерттеуге тиіс. Қажет болған жағдайда сот істі сот талқылауына дайындау сатысында да, сот отырысының барысында да арнаулы білімі бар мамандар көмегіне жүгіне алады.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңында банктік қарыз шарттарынан туындайтын даулар бойынша дауды сотқа дейін реттеу тәртібі көзделген. Банктер қарыз алушылар арасында туындаған дауларды сотқа дейін реттеу кезінде олармен әңгімелесу жүргізіліп, қарызды екі жаққа тиімді жолмен өтеу жайлы ұсыныстар жасап, заң аясында шаралар қолға алынады Азаматтар банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда қандай қадамдар жасалады? Біріншіден, қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей, банк банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен және мерзімде қарыз алушыны қарызы барынан хабардар етеді. Екіншіден, міндеттемені орындау бойынша мерзімінің өткізіп алудың туындағаны және хабарламада көрсетілген күні жинақталған берешек мөлшерін көрсетеді. Сондай-ақ, банктік қарыз шарты бойынша төлемдерді енгізу қажеттігін ескертеді. Қарыз алушыға банкке өтініш жасау құқығы бар екенінен, шарт бойынша өз міндеттемесін орындамаудың салдарынан хабардар ету міндет.

Өкінішке орай, мұндай дауларды соттан тыс реттеуге мүмкіндік бар екенін банк, қаржы орталықтары ескермей жатады. Қорыта айтсақ, банктік қарыз шартынан туындайтын дауларды сотқа дейін реттеу уақыт пен шығынды үнемдеп, іскерлік беделді сақтайды.

**Райхан ЕРЖАНОВА,**
**Ақтау қаласы №2 сотының судьясы**

БАҒДАР

# ОТБАСЫ – АЛТЫН ДІҢГЕК

**Қазіргі таңда отбасы және бала тәрбиесі – ең өзекті мәселенің бірі. Өйткені, отбасы – қоғамның негізгі әлеуметтік институты.**

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген соң, жастарға ұлттық тәрбие беру игілікті мақсат болды. Соған байланысты жастарды жарасымды әдеттілікке, ұнамды ізеттілікке тәрбиелеу халқымыздың қасиетті қағидасына айналды. Шынында да, әр азамат үшін Отан деген ұғымнан кейін отбасының орны бөлек. Отбасы – Отанның әрбір мүшесін дүниеге әкеліп, қанатын қатайтып, қоғамға қосатын маңызды орта. Дананың да, ғалымның да ең алғаш тәлім-тәрбие алып, өмірге көзқарасы қалыптасатын орын, ол – отбасы. Қазақ қоғамында отбасы берекесі оның толыққандылығында.

Бүгінгі таңда сот саласы да араздасқан отбасын сабырға шақырып, отбасын сақтап қалу жолында жұмыс жасап келеді. Себебі қазіргі кезде «сотқа беремін», «соттасып жүрмін» деген сөзді жиі естиміз. «Бас жарылса, бөрік ішінде» дейтін халқымыз өз арасындағы дауын басқаға естірткісі келмеген.

Бұрын сотқа ажырасу үшін келуді көпшілік намыс көретін. Қазір ол қалыпты құбылысқа айналды. Қазіргі кезде жас жұбайлар неке бұзуға қатысты жиі арызданады. Ажырасудың негізгі себептерінің бірі – ерлі-зайыптылардың өз міндеттеріне селқос қарауында. Расында ерлі-зайыптылардың отбасы алдындағы міндеттері бар. Ер-азаматтың жары мен бала-шағасы алдындағы міндеті – тамағын, киімін, жалпы, қажеттіліктерін қамтамасыз ету, балаларын тәрбиелеу. Ал, әйелдің ері алдындағы міндеті – отбасының жылулығын сақтап, балаларын тәрбиелеу. Әйелдің барлығы күйеулеріне мойынсұнып жатады деп айта алмаймыз. Ер-азаматтар жарына жұбайлық, балаларына әкелік міндетін толық атқарып жүр ме, бұл да ойланатын сұрақ. Осыдан барып, ұрыс-керіс, жанжал шығады.

Ажырасудың тағы бір себебі – жастар бірінбірі жете танымай, шаңырақ құрады. «Үйлену оңай, үй болу қиын» екенін түсінбегендер отбасына түскен қиындықты көтере алмайды. Сәл жанжалдасып қалса, ажырасам деп сотқа шағымданады. Сот неке бұзу алдында тараптарға татуласу үшін мерзім береді. Көпшілік ашумен арыз беріп, соңынан татуласып, бірбірін кешіріп жатады.

«Отан отбасынан басталады» дейміз, сондықтан мемлекетіміздің іргесі берік, шаңырағы шайқалмасын десек, әркім өз отбасына ие болып, тату-тәтті өмір сүруі қажет. Қорыта айтқанда, әрбір отбасы – өз алдына жеке бір Отан. Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта. Отбасы – адам ғұмырының тірегі ғана емес, қоғамның да басты негізі. Сондықтан, отбасын сақтауға жауаптылықпен қараған абзал.

**А.АЛИМАНОВА,**
**Қарақия аудандық сотының бас маманы**
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ОҢ ҚАДАМ

# ОТАНДЫҚ БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ АЗАЙМАЙДЫ

**Президенттің тапсырмасын орындау мақсатында, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасы Райымбек Баталов прокуратура органдарымен, өзге де құқық қорғау және уәкілетті мемлекеттік органдармен бизнесті қорғаудың экожүйесін дамыту және тартымды бизнес-климатты қалыптастыру мәселелері бойынша бірлескен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті. Осы жоспарды іске асыру мақсатында бүгін өткен шарада Маңғыстау облысы прокурорының орынбасары Ержан Тұрмағамбетов қазіргі таңда 4500 кәсіпкердің субъектісінің құқығы қорғалып, тексерулерден құтқарылғанын айтты.**

«21 әкімшілік хаттаманың заңсыз толтырылғаны анықталып, оларға жауапты тұлғаларға 20 АЕК айыппұл салынған. Тағы 13 мемлекеттік органға қатысты заңбұзушылық анықталды. Мәселен, «Каспий жылу, су арнасы» мекемесі мемлекеттік сатып алулар бойынша полиэтиленді қысымды құбырлар сатып алу үшін кәсіпкермен келісім жасайды. Мердігер құбырмен толық қамтамасыз етсе де, 156 кәсіпкерлік субъектінің заңды құқықтары бұзылып, 307 млн теңге құрайтын қаржылық міндеттемелер орындалмаған. Талдау барысында кәсіпкерлер құқығы қорғалып, облыс әкімі атына ұсыныс хат жолданды. «Бизнестің жол картасы» бағдарламасының орындалысы, кәсіпкерлердің құқығын қорғау одан әрі жалғасады», – деді Ержан Сисенбайұлы.

Өткен жылмен салыстырғанда биыл облыста кәсіпкерлер қатары 18% артып, 60 мыңды құраған. Маңғыстау облысы кәсіпкерлер палатасы бұған дейін де іскерлердің бірқатар мәселелерінің шешімін табуына атсалысты. Алда да аса маңызды міндеттер тұр.

«Құқыққорғау және мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, кәсіпкерліктің дамуына қолайлы жағдайлар туғызу, тартымды бизнес-климатты қалыптастыру бойынша мемлекеттік және құқыққорғау органдары, сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен тоқсан сайын кездесулер өткізіп, бизнестің өңірлік және салалық проблемаларын жедел шешуді талап ететін міндеттерді талқылау, тең емес бәсекелестік факторларын анықтау және жою қажет», – деп атап өтті ӨКП директоры Рашит Мұстапаев.

ҚР Бас Прокуратурасының статистика және арнайы есепке алу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша басқармасының бастығы Асан Абдуллаевтың айтуынша, кәсіпкерлік субъектілерді тексеру 660-тан 860-қа дейін өскен. Оның себептері қаңтар оқиғасынан кейінгі жағдайлар болды. Тексеру ірі кәсіпорындарға 16,7%, орта кәсіпкерлік 36,2%, ал шағын субъектілер 8,8% өскені байқалады. Тіркелген тексерістердің 1549 аяқталған, 993-і заңбұзушылық анықталды, 556 жағдай нақтыланбаған.

**Жазира ҚУАНЫШБЕККЫЗЫ**

ЕСЕП

**Орталық коммуникациялар қызметінде есеп берген Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов, елорданың 2 ауданы (Сарыарқа және Алматы) толығымен газдандырылғанын, Байқоңыр мен Есіл аудандарында газ құбырының құрылысы басталғанын айтты. Толық газдандырылған екі ауданда 680 км-ден астам газ тарату желісі салынып, кварталішілік желілер тартылғанына қарамастан, үйлердің әзірге 25%-дан астамы (3,6 мың) ғана газға қосылғанын ескерсек, мұндағы шаруа әлі шашетектен деуге болады.**

# ТАПСЫРМА УАҚЫТЫНДА ОРЫНДАЛМАЙДЫ

«Елорданы газдандыру қаланың экологиясына ғана емес, қала тұрғындарының өмір сүру сапасына да оң әсерін тигізеді», – деген Алтай Көлгіновтың сөзіне қарағанда қала әкімдігі газға қосылушылар үшін түрлі жеңілдіктерді жасаған. Атап айтқанда: мұқтаж жандардың газға қосылуына бөлінетін әлеуметтік көмек мөлшері 200 мыңнан 400 мың теңгеге дейін ұлғайтылып және қала тұрғындарының бәріне тегін негізде есептеуіштер берілген. Бұдан бөлек, қала тұрғындарының өтініші бойынша өз үйін газға қосу үшін жиналатын құжаттар тізімі 2 есеге қысқартылған. Мемлекет басшысының «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиясыздандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы аясында қабылданған бұл шараға дейін құжаттарды жинауға кететін уақыт 6 айға созылатын.

2018 жылы 5 наурызда Парламент палаталарының бірлескен отырысында жариялаған «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуінде ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев: «газға көшу тек Астананың өзінде зиянды қалдықтардың ауаға таралуын 6 есеге немесе жылына 35 мың тоннаға азайтады. Бұл жобаны жүзеге асыру әрі қарай өзге өңірлерді де газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді» деген болатын. Сондай-ақ, «тұрғынның және көліктің көбеюіне байланысты, екі ЖЭО-ны қатар көмірмен жаққан кезде қаланың үстінде ылғи тұман тұратын болды. Егер мына мәселені шешсек, жолшыбай қанша адамға жеңілдік болады. Мұны 1-1,5 жыл ішінде шешу керек» деген тапсырма берген еді.

Арада 4 жыл өткенде қала әкімі «ЖЭО-1 және ЖЭО-2-нің 13 су жылыту қазандығы газға ауыстырылды. ЖЭО-3 құрылысы қайта басталып, жаңа құрылыс аудандарын жылумен қамтамасыз ету үшін 3 жергілікті газ қазандығын жобалау жұмысы жүріп жатыр. Газдандыру барысы Мемлекет басшысының тікелей бақылауында» дегенді айтып отыр. Осы сөзден кейін бұрынғы Президент бір жарым жыл ішінде шеш деген мәселені күні бүгінге дейін сағызша созған әкімнің іскерлігі мен қабілетіне таңданбасқа амал жоқ.

**Ерлік КЕБЕКБАЙ,**
**«Заң газеті»**

БАЗЫНА

# КӘСІПКЕРЛЕР САЛЫҚТАН ЖАЛТАРУДЫ ҚОЯР ЕМЕС

**Кеден қызметтері арасында тауарларды жөнелтуші елдің экспорттық декларацияларынан өзара ақпарат алмасу туралы халықаралық шарт жасасу өз жемісін бере бастады.**

Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің хабарлауынша, қолда бар мәліметтерді салыстыру нәтижесінде Қазақстандағы импорт пен Қытайдан экспорт арасындағы айырмашылық 1,4 миллиард долларға дейін төмендеді. Егер бұл көрсеткіш 2017 жылы 6,8 миллиард доллармен 59% құрағанын ескерсек, кедендік төлемдер мен салықтардан жалтарушы кәсіпкерлердің жолын кесуде атқаратын шаруа әлі де жеткілікті екенін аңғаруға болады.

Мәселен, декларанттардың тауарлар туралы жалған ақпарат жариялауының бір фактісі мамыр айында тіркелген болатын. Қытайдан импортталған люстралар партиясының құнын декларант 11 мың доллар деп көрсетеді. Алайда Қытайдың кеден қызметінен ақпарат сұратылған кезде олардың мәліметтері бойынша экспорт кезінде бұл жүктің құны 240 мың долларды құрағаны анықталады. Осылайша, импортталған тауарлардың құны 22 есе төмендетіліп, орындалмаған салық міндеттемелерінің сомасы 25 миллион теңгені құрады. Бұған дейін кедендік төлемдер мен салықтардан жалтарудың тағы бір оқиғасы тіркеліп, онда импорттаушы Smart-теледидардың орнына телевизиялық қорапты көрсеткені анықталған еді.

Мемлекеттік кірістер комитетінің баспасөз қызметінің мәліметіне қарағанда, биыл кеденшілер жарты жылда 15,8 миллиард теңге болатын тауарлардың кедендік құнын төмендетудің жолын кесті. Бүгінгі күнге дейін тауарларды жөнелтуші елдің экспорттық декларацияларынан өзара ақпаратпен алмасу туралы халықаралық шарт 8 елмен жасалған. Олар Қытай, Әзірбайжан, Грузия, Украина, Өзбекстан, Иран, Түркіменстан және Түркия. Қазіргі таңда мұндай келіссөз Тәжікстан кеден қызметімен де жүргізілуде. Егер Қазақстан әлемнің 150 елімен сауда-саттық жасайтынын ескерсек, бұл бағытта атқарылатын шаруаның әлі жеткілікті екенін аңғару қиын емес.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**
**«Заң газеті»**

ПАЙЫМ

# АБЫРОЙ-БЕДЕЛДІ ҚОРҒАУ – АЗАМАТТАР ҚАЛАУЫ

**Мемлекет азаматтың ар-намысын, қадір-қасиетін қорғайды. Заңмен тек үлкеннің ғана емес, кішінің де (баланың) ар-намысы, қадір-қасиеті қорғалады.**

Қылмыстық кодекстің 131-бабымен қорлауға байланысты қылмыстық жауапкершілік қаралған. Сондай-ақ, Азаматтық кодекстің 143-бабында қамтылған жолдармен, әрбір азамат өзінің ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді сот тәртібімен теріске шығаруды талап етуге құқылы. Осы аталған баптың ережелері заңды тұлғалардың да іскерлік беделіне нұқсан келтіруге байланысты істерді шешуге қолданылады.

Азаматтардың және ұйымдардың (заңды тұлғалардың) ар-намысына және абыройына кір келтіретін мәліметтерді тарату деп мына жағдайлар танылады: баспа жүзінде жарияланған, радиомен, теледидар, жалпы басқа да бұқаралық құралдарды пайдалану арқылы хабарланған, қызметтік, партиялық және басқа да мінездемелерде, арыздарда, әртүрлі ұйымдарға жолданған хаттарда көрсетілген, көпшілік алдында сөйлеу кезінде, лауазымды адамдарға, немесе басқада, оның ішінде бір немесе бірнеше адамға ауызша айтылған мәліметтер.

Қоғам немесе жеке азаматтардың заңды сақтау, моральдық принципті орындау туралы көзқарастары бойынша ұйымдар мен азаматтар жөніндегі шындыққа жатпайтын мәліметтер олардың ар-намысына және абыройына кір келтіретін мәліметтер деп есептелінеді. Сонымен қатар, тұрмыста, ұжымда, қоғамдық орында, жұмыста болған көпшіліктер туралы айтылған сын мәліметтер шындыққа жатса, талапкердің ондай мәліметтерді теріске шығару туралы қойылған талабын негізді деп есептеуге болмайды.

Ар-намыс деген – азаматтың рухани және әлеуметтік сапасының биіктігі, қоғам бағасы. Абырой деген – өз рухани байлығын, рухани санасын, қоғамдағы маңыздылығын, орнын адамның өзінің іштей бағалауы. Жұмыскерлік атақ деген – адамның іскерлік (өндірістік мамандылық) беделіне қоғам пікірі бойынша дұрыс берілген баға.

Ар-намысқа және абыройға кір келтіретін мәліметтер шындыққа жатпайтыны анықталған жағдайда, ол мәліметтердің таратылуына кінәсі болмаса да, оларды теріске шығару міндеті жауапкерге жүктеледі.

Соттың биліктерінде, үкімдерінде, тергеу органдарының қаулыларында және басқа да ресми құжаттарда көрсетілген мәліметтерді теріске шығару туралы талаптар заң жүзінде шағым бойынша басқа тәртіппен қаралатын болғандықтан, ондағы мәліметтер ҚР Азаматтық процестік кодекстің 23-бабында және Азаматтық кодекстің 143-бабында көзделген тәртіппен қаралмайды. Егер жариялауда аты-жөні көрсетілмеген, оның мағынасында кім жөнінде айтылып тұрғаны анық көрініп тұрса, сонымен қатар кір келтіретін мәлімдеме сол әулеттің қайтыс болған мүшесі жөнінде немесе заң жүзінде мұрагерге жататын жақын туысы жөнінде болса, мүдделі адам Азаматтық процестік кодекстің 8-бабы бойынша сот арқылы ар-намысты және абыройды қорғау туралы талап қоюға құқылы.

Азаматтың ар-намысына немесе қадір-қасиетіне кір келтіретін мәлімдеме кәмелетке толмаған немесе заң жүзінде қабілеті жоқ деп танылғандар жөнінде таратылған болса, олардың заңды өкілдері ар-намысты және абыройды қорғау жөнінде талап қоюға құқықты (мысалы, бала қылып алушы, қамқоршы, тәрбиеші) немесе бұл істі прокурор атқарады.

Талап қоюшы талап арызында көрсеткен жауапкердің өзі жөнінде жалған мәліметті таратқанын ғана дәлелдеуге міндетті. Сонымен қатар, ол ар-намысына және абыройға кір келтіретін мәлімдеменің жалған екендігін анықтайтын дәлелдер келтіруге құқылы. Егер де дәлелдер жеткіліксіз болса, сот қосымша дәлел келтіруге мүмкіндік береді немесе оларды өз талабымен алдырады. Егер талап қоюшының дауласып отырған мәлімдемесі ақпарат құралдарынан немесе ресми түрде жаппай хабарлау құралдарынан, жиналыстарда сөйленген әлде автордың сөзінен алынып эфирге шықса, соттар Азаматтық процестік кодекстің (49 және 50-баптары) талаптарына сәйкес іске жауапкер ретінде жаппай хабарлау мекемесімен қатар, сол мәлімдеменің шыққан қайнары болған мекемені немесе жеке адамды жауаптылыққа тартуы мүмкін. Мұндай жағдайда таратылған мәлімдеме шындыққа жататындығын аталған мекеме және жеке адам дәлелдеуге міндетті.

Ар-намысқа және абыройға кір келтірген мәлімдеменің баспада немесе басқаша түрде хабарланғаны (радио, теледидарда, т.б.) сот билігімен жалған деп табылса, теріске шығару туралы мәлімдемені оны жариялаған баспа немесе жаппай хабарлау мекемесі жасайды.

Ар-намысты және абыройды қорғау туралы талабымен бірге талап қоюшының моральдық зиянды өндіру туралы талап қоюға құқы бар.

**С. ҚАНАТБАЕВ,**
**Жетісу аудандық сотының судьясы**
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

МЕРЕЙ

# ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРДАСТАРЫ

Шымболат АСАБАЕВ

Саят ШЫРЫНБЕКОВ

Дәурен СМАЙЛОВ

**Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша ҚАЖ департаментінің 3 қызметкері Қазақстан полициясымен түйдей құрдас. Олар бұл салаға әр жылдары келгенімен, бәрінің ұстанымы бір – еліміздің ішкі тәртібін асқан жауаптылықпен қадағалау. Қарап отырсақ, 30 жыл бұрын яғни, 1992 жылғы 23 маусымда «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» заң қабылданып, осы күнді «Полиция күні» деп жариялаған кезде дүние есігін ашқан нәрестелер бүгін полиция сапында елге адал қызмет көрсетіп жүр.**

Егеменді елдің батырлары – ел қорғаны. Тәуелсіз елдің өз полициясы құрылған жылы дүниеге келген азаматтың бірі – **Шымболат Асабаев**. Ол қазіргі таңда Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша ҚАЖД қарасты Мақтаарал аудандық пробация қызметінің аға инспекторы, әділет капитаны.

– Қазақстан полициясының құрдасы атану мен үшін үлкен мәртебе, әрі мақтаныш. Мен тәуелсіз Қазақ елінің топырағында дүниеге келдім, ашық аспан астында, бейбіт күнде өмір сүрудемін. Себебі, мен дүние есігін ашқан кезде ел Тәуелсіздігінің 1 жылдық мерекесін тойлап жатты, сондай бейбіт күнде туылғаныма қуанамын. Кезінде ата-бабамыз сан мыңдаған жылдар бойы найзаның ұшымен, білектің күшімен күресіп еркіндікті, тәуелсіздікті аңсады. Мен бала кезімде тарихи кітаптарды көп оқитынмын. Сонда, қазақ елінің қандай сындарлы кезеңдерді басынан өткізгенімен танысып, олардың жанкештіліктеріне қайран қалатынмын. Қарап отырсам, осы күнге жетуіміздің әрбір кезеңі жанқиярлық ерлік, батырлық, ержүректік. Бала кезімде халқымыздың қауіпсіздігі мен тыныштығын қорғасам, тәуелсіздігіміздің қорғаны, еліміздің мықты азаматы болсам екен деп армандаушы едім. Міне, бүгін балалық арманым орындалып, елімнің тыныштығын қорғау саласында еңбек етіп жүрмін, – деп әңгімесін бастады Шымболат.

Ол 1992 жылы 1 қаңтарда Алматы қаласында дүниеге келді. 2009 жылы ОҚО, Мақтаарал ауданы Мырзакент кентіндегі Абылай хан атындағы орта мектепті бітіріп, Павлодар Заң колледжінің «Құқық қорғау қызметі» мамандығына оқуға түседі. Оқуын озат аяқтаған жас қызметкер білімін жетілдіру үшін Шымкент қаласындағы Қазақстан инженерлі-педагогикалық халықтар достығы университетіне «Құқықтану» мамандығына оқуға түседі. Сөйтіп, 2011 жылы оқумен қатар еңбек жолын да бастайды. ОҚО бойынша ҚАЖД Түркістан қалалық қылмыстық-атқару инспекция бөлімінің маман инспекторы болып алғашқы еңбек жолын бастайды. Жас қызметкер қарапайым инспектордан аға инспектор лауазымына дейін көтеріледі. Ал, 2017 жылы өзінің өсіп, балалық шағы өткен жері Мақтаарал ауданының пробация бөлімшесіне аға инспекторлық қызметке ауысады. Осы кезден бері аудандық пробация қызметінде аянбай еңбек етіп келеді. Пробация қызметіне тіркеуге алынған әрбір сотталғанның қайта қылмыс жасамай, қоғамға бейімделуіне өз үлесін қосуда.

Шымболаттың інісі аға жолын жалғаған полицей. **Сауықбек Асабаев** қазіргі таңда Түркістан облыстық полиция департаментінде арнайы айдауыл тобының инспекторы қызметінде еңбек етіп келеді. Қос полицейді тәрбиелеген ата мен ана ұлдарының қоғам тыныштығын қорғау жолын таңдағанына қуанады. Шымболаттың әкесі Абдусалям Мамбетов Мақтаарал ауданында мал дәрігері болып еңбек етеді. Ал, анасы Ардақ Мамбетова талай жылдан бері Мақтаарал ауданы Иіржар ауылдық округі Наурыз ауылы Н.Бекежанов атындағы №13 жалпы орта мектебінде мұғалім. Шымболат әйелі Тоқжан Шәймерден екеуі бір ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр. Оның ұлы да әкесі секілді полиция қызметкері болуды армандайды.

Қазақстан полициясы – қоғамдағы құқықтық тәртіпті, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін еліміздегі аса маңызды құрылымдардың бірі. Полицейлердің кәсіби біліктілігі мен сертіне беріктігінің арқасында қоғамда тұрақтылық қалыптасып, адамдардың құқық қорғау органдарына сенімі артып келеді. Осындай сенім мен алғысқа ие болған сақшылардың бірі – **Дәурен Смайлов**. Ол 2020 жылы ойнап жүріп үйінен алыстап адасып кеткен 3 жастағы баланы тауып, ата-анасына табыстады. Баласын іздеп алаңдаған ата-ана Дәуренге шексіз алғысын жаудырған.

Алғысқа бөленген әділет капитаны бұрынғы ОҚО Төле би ауданында дүниеге келген. 1998 жылы Төле би ауданы Леңгір қаласы № 3 П.Тәжібаева атындағы орта мектептің табалдырығын аттайды. Дәурен 9 сыныпты аяқтап Шымкент қаласындағы Техникалық колледжінің «мұнай-газ шығарауларын бұрғылау» мамандығына оқуға түседі. Дәурен Асқарұлы бала кезден ішкі істер органдарында қызмет атқаруды армандайтын. 2011 жылы мұнай-газ саласы бойынша білім алып, қолына диплом алғанымен, бала кездегі арманы әрі өзіне жақын қызметті таңдайды. Сөйтіп, 2012 жылы бұрынғы ОҚО ҚАЖД қарасты ИЧ-167/11 түзеу мекемесіне бақылаушы болып алғашқы еңбек жолын бастайды. Өзінің біліктілігі мен ептілігінің арқасында Дәурен тәлімгерлерінен білмегенін үйрене жүріп, жақсы қырынан көрсетеді. Құқық қорғау саласындағы білімін жетілдіру мақсатында 2013 жылы Шымкент қалалық әлеуметтік педагогикалық университетінде заңгер мамандығы бойынша сырттай білім алады. Оқу мен қызметін де қатар алып жүреді. 2015 жылы ИЧ-167/10 түзеу мекемесінің БҚБ-ге ауысады. Ал, 2017 жылы Төле би аудандық пробация қызметіне инспектор болып ауысады. Қазіргі таңда аға инспектор. Жары Сымбат екеуі екі қыз, бір ұл тәрбиелеп келеді.

– Алғаш қызметімді бастаған уақытта бұл жұмыстың үлкен жауапкершілік пен шыдамдылықты талап ететіндігін түсіндім. Көп жағдайлардың куәсі болдым, түскі үзіліссіз, демалыссыз жұмыс істейтін кездеріміз де болатын. Өзімізге жүктелген міндеттерімізден бөлек қоғамдық жұмыстарға араласып, шараларға, күшейтілген режимдегі жұмыстарға да қатысатынбыз. Мұндай ауқымдағы жұмыстарды көрмеген, өмірге енді қадам басқан мен үшін қиын болғандығы жасырын емес. «Қиындыққа төзе білген адам ғана нағыз маман иесі болады» деп әкем үнемі айтып отырушы еді. Алайда мен таңдауыма ешқашан өкінген емеспін. Бұл қызмет мені өсірді десем де болады. Ақ пен қараның, жақсы мен жаманның ара жігін айырып, айырмашылығын түсіне бастадым. Білікті де білімді ағаларымызға қарап бой түзедім, – деді Дәурен.

Сәбиін аман-есен тауып берген Дәуренге кішкентай бүлдіршіннің анасы алғысын айтып, ақ батасын берді. Бірақ, әділет аға инспекторы өзінің бұл ісін ерлік деп санамайды.

– Бүлдіршіннің атын, ата-анасының қайда тұратынын сұрағаныммен мардымды жауап ала алмадым. Тілі енді ғана шығып келе жатқан сәби өзінің есімін де айта алмады. Бүлдіршінді анасына табыстағанда, ана мен баланың махаббатын көріп жүрегім елжіреп кетті. Бұл біздің міндетіміз. Халыққа қызмет ету – ең басты парызым, – деді ол.

«Әке көрген оқ жонар» демекші, бала кезінен әкесінің қызмет барысындағы қызықты оқиғаларын естіп, полиция болуды армандап өскен азаматтың бірі – **Саят Шырынбеков**.

Ол 1992 жылы оңтүстік өңірінде дүниеге келді. Шымкент қаласындағы №9 лицей-мектебінде білім алды. Он бір жылдық мектепті үздік бітіріп, М.Әуезов атындағы ОҚМУ заңгер мамандығы бойынша білім алады. Жоғары оқуды аяқтаған жас маман Шымкент қаласы ИЧ-167/11 түзеу мекемесіне бақылаушы болып жұмысқа қабылданады. «Жас келсе іске» демекші, жас қызметкер өзінің тәлімгерлерінен білмегенін үйреніп, тәжірибе жинақтайды. Қазіргі таңда Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша ҚАЖД қарасты Төле би аудандық пробация қызметінде аға инспектор қызметін мінсіз атқарып жүр.

– Бұл мамандық менің бала кездегі арманым болатын. Себебі, бала кезімде милиция формасын киген адамдар өте сымбатты болып көрінетін. Әкем Қайрат Шырынбекұлы ішкі істер органында 20 жылдан аса еңбек еткен ІІО-ның ардагері. Әкемнің қылмыскерлерді құрықтаған операциялары жайында айтқан қызықты әңгімелерін тыңдап өстім. Ол кісінің қызықты әңгімелері әлі күнге дейін менің есімде. Бала кезімде әкемнің айтқан оқиғаларынан ертегі тыңдағандай әсер алатынмын. Ол сол ертегінің хас батыры секілді көз алдыма елестейтін. Сөйтіп, бала кезден бері әке жолын жалғастырып полиция қызметкері болуды мақсат тұттым. Бұл саланы таңдағаныма еш өкінбеймін. Керісінше, халықтың тыныштығы үшін, жаза басып қателік жасаған жандардың түзелу жолына түсуіне көмектесіп жүргеніме қуанамын, – деді әділет капитаны.

Саяттың алға қойған мақсаты да көп. Еліміздің тыныштығын сақтау барысында әлі атқарылатын бірнеше жұмыстың барын айтып өтті.

– Міне, ішкі істер саласында қызмет еткеніме де жеті жылдан аса уақыт болыпты. Қазақстанның әр жетістігінің, тарихи жаңару сәттерінің куәсімін. Әлі де талай белестерді бағындырып, дамыған елдердің қатарынан бой көрсетіп, халқымыздың әл-ауқаты жақсара түсетіндігіне сенімдімін. Мен осы белестерді бағындыруда бақытты елдің ұрпағы ретінде титтей де болса үлес қосып абыройлы қызмет еткім келеді. Меніңше, жақсылыққа деген ниет болса, кез келген қиындықты жеңуге болады. Лейтенант атанатын кезімді есіме түсірсем, кеудемді ерекше қуаныш тербейді. Еңселі елдің ертеңгі Отан қорғайтын сақшысы болудың мағынасын терең сезіндім. Ал Қазақстан полициясының құрдасы болу одан да үлкен міндеттер жүктейді, – деді Саят Қайратұлы.

Бүгінде Дәурен, Шымболат және Саят тек әулетінің ғана емес, халқының азаматы болып, еліне адал қызмет етіп жүр. Олар өз ұжымында сыйлы, беделді маман иелері. Сондай-ақ, әділет инспекторлары бос уақытында спортпен айналысып, салауатты өмір салтын қалыптастыруды мақсат етеді. Жалпы, полиция қызметкерінің тек заңды ғана білмей, спортқа жақын, шымыр денелі әрі жылдам болуы құптарлық жайт. Ендеше, Қазақстан полициясымен бірге қанат жайып, биік белестерді бағындырып келе жатқан Дәурен Смаилов, Шымболат Асабаев және Саят Шырынбековке тек абырой биігінен көріне бер дегіміз келеді. Қателік жасап, сотты болған азаматтардың санын азайтуда мінсіз қызмет ететіндеріне сеніміміз мол.

**Раушан НАРБЕК**
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ТҮЙТКІЛ

# ЭКОЛОГИЯНЫҢ ЕРТЕҢІ БҰЛЫҢҒЫР

**Қазақстан ғалымдарының ел территориясындағы экологиялық ахуалдың нашарлап кеткенін айтып дабыл қағып жүргеніне біраз болды.**

Олар қазіргі таңдағы халықаралық деңгейдегі ғаламдық проблемалар қатарына ресурстар азық-түлік немесе ашаршылық, энергетика, демография, климаттың өзгеруін, экологиялық зардаптар мен қауіпті аурулар, әлемдік мұхит пен космосты игеру процестерін жатқызады. Әлемде тепе-теңдігі бұзыла бастаған бұл анықтауыштар адамзатқа өзінің алғашқы залалын тигізе бастады. Жалпы, жаратылыс заңдылығы бойынша орын ала бастаған кез келген мәселе міндетті түрде адамзаттық қайраткерлік ықпалымен қалпына келтіріліп, жойылуы тиіс-ті. Өкінішке қарай, ол қайраткерлік пен бастамашылықтың аздығы, адамдардың табиғатқа, өзін қоршаған ортаға немқұрайлы қарауы, экологиялық қарапайым сауатының жоқтығы табиғи апаттар тізілімін көлденеңдеп адамзаттың алдына тарта бастады. Оған күн сайын құбылған әлемдік ақпараттар дәлел. Әр аймақтарда орын алып жатқан су тасқыны мен зілзала, орман өрттері мен табиғи апаттар, жер ресурстарының тозуы, өзендер мен көлдердің арнасынан шегеріліп, тартылып бара жатуы, теңіз жәндіктерінің қырылуы осының дәлелі.

Әрбір дамыған елде осындай қордаланған мәселелерді шешуге арналған аймақтық, ұлттық бағдарламалар жасалады. Табиғатты қорғауға арналған қорлар құрылып, оған қомақты қаражаттар тартылады және ол қаражаттар мақсатты тұрғыда өз нысанасына дәл бағытталып жұмсалады. Бұндай ғаламдық табиғаттың бұзылуы күллі адамзатқа ортақ. Ендеше, көп ретте бұл мәселелермен түпкілікті, тұрақты түрде айналысып келе жатқан БҰҰ органдарының қоршаған ортаға арналған жұмыстарының тиімділігін арттыруға атсалысу ғана емес, сонымен қатар оларға айрықша өкілеттік беру де өзекті болып тұр.

Адамзаттың шектен тыс ақпараттанып, технологиялардың көз ілеспес жылдамдықпен дамып кетуі атмосфераның шектен тыс ластануына, адамдардың денсаулығына зиянын тигізіп жатыр. Қазақстандағы дерек бойынша, атмосфераға зиян заттардың жартысынан астамы – Павлодар (736 мың тонна) мен Қарағанды (569 мың тонна) облыстарындағы кәсіпорындардан шығады екен. Сондай-ақ, Атырау, Қостанай және Ақтөбе облыстарында 100 мың тоннадан аса зиян шығарынды тіркелген.

Атмосфераға тараған 2,4 миллион тонна ластаушы заттардың 2,1 миллион тоннасы тек өнеркәсіп саласынан. Шығарындының ең көп көлемі жылу және электрмен жабдықтау сегментінде – 945,2 мың тонна. 728,1 мың тоннасы өңдеу өнеркәсібіне тиесілі. Сумен қамтамасыз ету, сондай-ақ, қалдықтарды жинау, өңдеу және кәдеге жаратуда 47,8 мың тонна шығарынды тіркелген. Өнеркәсіптен басқа көлік және қойма шаруашылығы саласындағы кәсіпорындардан да ауаға 114 мың тонна зиянды заттар шығады. Өткен жылы атмосфераға шыққан газ тәрізді және сұйық ластаушы заттардың үлесі 79,6 пайыз яғни 1,9 миллион тонна болды. Оның ішінде күкірт диоксиді – 835,4 мың тонна, көміртегі тотығы – 473,2 мың тонна, азот оксиді – 322 мың тонна, көмірсутек – 133,2 мың тонна. Мұндай көрсеткіштер табиғаттың қалыпты шкаласын кері айналдыруда. Айналадағы өзендер мен көлдердің маңайының айтарлықтай ластанып, құрғақшылыққа ұрынуы, арналар орнына еш жоспарсыз заңсыз құрылыстардың салынуы, сол себепті де айналаның мардымсыз суды қанағат тұтуы экология белсенділерін бүгін әжептәуір алаңдатып отыр.

Белгілі орыс жазушысы Л.Леонов: «Адам баласының алдында бірінші кезекте екі күрделі мәселе тұр: бейбітшілік пен табиғатты қорғау» десе, бүгін бұл екі мәселе де айналып келіп, күллі әлемнің бас ауруына айналды. Әлемді шарпыған соғыс дүмпуі мен табиғи апаттар санының артуы кезек күттірмейтін күрделі жағдайларға айналды. Аралдың апатты аймаққа айналғаны бүгін емес, теңіз түбінен көтерілген шаң мен тозаң аймақ халқының үдере көшуіне бірнеше жылдардан бері себепкер болуда. Өңірдегі іш аурулар қатарының артып, балалар өлімінің көп тіркелуі де ғаламдық сипат алды. Іле өзенінің Балқашқа құятын сағасындағы су мөлшері де бүгінде азайған. Сортаңға айнала бастаған жағалаулар көрер көзге көп сұрақ ұялатады.

Эколог Нұрсерік Жанболатұлы жер ресурстарын өңдеп, жерді қайта қопсытып, шикізат ресурстарын қалпына келтірмесе Қазақстанның ауылшаруашылығы да көп ұзамай ақсайтынын айтты. «Азық түліктің, бидай, астық, ұн өнімдерінің бағасы шарықтаған тұста қазақстандық егіс алқаптарының құнары қашып, астық сапасы мен саны нашарласа бұл жығылған жұртқа жұдырық болады. Шаруалар жерді игергенімен оны жыл аралатып тыңайтып, құнарландырып отыруды білмейді. Білсе де жалға алған жер болғандықтан көбісі егіс алқаптарына жанашырлықпен қарай бермейді. Бір екі жыл жерді демалдырып, құнарландырып отырудың орнына оларға жыл сайын сапасы төмендесе де өнім алып отырған қолайлы». Халық пен экология арасындағы алшақтық осындай көптеген келеңсіздіктерге себепкер болуда. Ірі өндіріс ошақтары да тек шикізаттық пайданы ғана ойлап, қоршаған орта саулығын естен шығарды. Бұның салдары ертең үлкен табиғи апаттарға алып келеді дейді экология белсендісі. Бұндай келелі мәселелер мінберлерден жаппай көтерілгенде ғана табиғатқа деген шынайы жанашырлық артады. Кез келген азаматтың табиғатқа деген көзқарасы өзгермейінше шынайы салауатты қоршаған орта орнықпайды. Бұл экологиялық тоқыраудың артуына себепкер. Сондықтан экологияға да шынайы жанашырлық, ұлттық қамқорлық қажет.

**Жадыра ҚҰДАЙБЕРГЕН**

БАНКРОТТЫҚ

3. Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының (МАЭС) 2022 жылғы 5 шілдедегі ұйғарымымен «АксайСпецТрансСтрой» ЖШС ұйымының, БИН 170940003298, банкроттығы туралы іс қозғалды.

**«Сентрас Коммеск Life» Өмірді сақтандыру бойынша компания» АҚ**

**2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайы бойынша қаржылық күй туралы есептілік**

| Мың теңгемен | Еск. | **31 желтоқсан 2021 жыл** | 31 желтоқсан 2020 жыл |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | |
| Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары | 6 | **3,617,452** | 677,516 |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер | 7 | **4,432,239** | 3,678,905 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | | **12,818** | 2,727 |
| Кейінге қалдырылған салықтық активтер | 19 | **1,770** | – |
| Басқа да активтер | 8 | **112,639** | 138,815 |
| **БАРЛЫҒЫ АКТИВТЕР** | | **8,176,918** | **4,497,963** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек | | **30,155** | 9,460 |
| Аққұла сақтандыру сыйлықақыларының резерві | 9 | **274,036** | 150,438 |
| Сақтандыру талаптарын реттеу бойынша залалдар мен шығындар бойынша резервтер | 10 | **1,637,791** | 18,723 |
| Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер | 19 | **–** | 18,174 |
| Тікелей репо келісімдері бойынша қарыздар | 11 | **1,874,947** | 20,044 |
| Басқа да міндеттемелер | 12 | **66,713** | 35,253 |
| **БАРЛЫҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | **3,883,642** | **252,092** |
| КАПИТАЛ | | | |
| Жарғылық капитал | 13 | **3,800,000** | 3,800,000 |
| Басқа да сақтандыру резервтері | | **18,315** | 5,684 |
| Бөлінбеген пайда | | **474,961** | 440,187 |
| **БАРЛЫҒЫ КАПИТАЛ** | | **4,293,276** | **4,245,871** |
| **БАРЛЫҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ** | | **8,176,918** | **4,497,963** |

**Басқарма Төрағасы** **Бас бухгалтер**
**Джаксымбетова Г.К.** **Дюсекенова С.К.**

2022 жылдың 18 сәуірі
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

**«Сентрас Коммеск Life» Өмірді сақтандыру бойынша компания» АҚ**

**2021 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ЖӘНЕ БАСҚА ЖИЫНДЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕПТІЛІК**

| Мың теңгемен | Еск. | **2021 жыл** | **2020 жыл** |
|---|---|---|---|
| Сақтандыру сыйлықақысы, жалпы сомасы | 14 | **2,265,403** | **215,175** |
| Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары | 14 | **(354)** | **–** |
| Қайта сақтандыруға берілгендерді шегергендегі сақтандыру сыйлықақылары | | **2,265,049** | **215,175** |
| Аққұла сақтандыру сыйлықақылары резервіндегі өзгерістер, нетто | 14 | **(123,598)** | **(150,438)** |
| Қайта сақтандыруға берілгендерді шегергендегі еңбекпен тапқан сыйлықақылар | | **2,141,451** | **64,737** |
| Төленген залалдар, жалпы сомасы | 15 | **(31,101)** | **(9,170)** |
| Сақтандыру талаптарды реттеуге кеткен залалдар мен шығындар бойынша резервтердегі өзгеріс, жалпы сомасы | 14 | **(1,619,068)** | **(18,723)** |
| Сақтандыру талаптарды реттеуге кеткен залалдар мен шығындар бойынша резервтердегі өзгеріс, қайта сақтандырушының үлесі | 15 | **354** | **–** |
| Қайта сақтандыруға аударылғандарды шегере отырып, сақтандыру талаптарын реттеу бойынша залалдар мен шығындар | | **(1,649,815)** | **(27,893)** |
| Комиссиялық шығындар | | **(248,975)** | **(31,935)** |
| Сақтандыру қызметінен нәтиже | | **242,661** | **4,909** |
| Инвестициялық табыс | 16 | **627,248** | **410,180** |
| Шетел валютадағы операциялар бойынша таза табыс | 17 | **44,867** | **197,781** |
| Басқа да табыстар/(шығындар), нетто | | **(16,227)** | **(7,296)** |
| Басқа да табыс | | **655,888** | **600,665** |
| Еңбекақы төлемі және басқа да төлемдер | 18 | **(765,546)** | **(69,541)** |
| Әкімшілік және операциялық шығындар | 18 | **(69,222)** | **(52,863)** |
| Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар | | **(108)** | **(7,653)** |
| Амортизация және тозу | | **(10,955)** | **(6,121)** |
| Жалдау міндеттемелері бойынша пайыздық шығындар | | **(662)** | **(748)** |
| Операциялық шығындар | | **(846,493)** | **(136,926)** |
| Корпоративтік табыс салығына дейінгі пайда | 19 | **52,056** | **468,648** |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар | 19 | **(4,651)** | **(22,637)** |
| Жыл ішіндегі таза пайда | | **47,405** | **446,011** |
| Басқа да жиынтық залал | | **–** | **(5,684)** |
| Барлығы жиынтық табыс жыл ішінде | | **47,405** | **440,327** |

**Басқарма Төрағасы** **Бас бухгалтер**
**Джаксымбетова Г.К.** **Дюсекенова С.К.**

**«Сентрас Коммеск Life» Өмірді сақтандыру бойынша компания» АҚ**

**2021 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕПТІЛІК**

| Мың теңгемен | Жарғылық капитал | Басқа да сақтандыру резервтері | Бөлінбеген пайда | Барлығы |
|---|---|---|---|---|
| **2020 жылдың 1 қаңтары бойынша** | **3,800,000** | **–** | **(140)** | **3,799,860** |
| Жыл ішіндегі таза пайда | – | – | *446,011* | ***446,011*** |
| Басқа да жиынтық залал | – | *5,684* | *(5,684)* | – |
| Барлығы жиынтық табыс жыл ішінде | – | **5,684** | **440,327** | **446,011** |
| **2020 жылдың 31 желтоқсаны бойынша** | **3,800,000** | **5,684** | **440,187** | **4,245,871** |
| Жыл ішіндегі таза пайда | – | – | *47,405* | ***47,405*** |
| Басқа да жиынтық табыс | – | – | – | – |
| Барлығы жиынтық табыс жыл ішінде | – | – | 47,405 | **47,405** |
| Басқа да резервтер | – | *12,631* | *(12,631)* | – |
| **2021 жылдың 31 желтоқсаны бойынша** | **3,800,000** | **18,315** | **474,961** | **4,293,276** |

**Басқарма Төрағасы** **Бас бухгалтер**
**Джаксымбетова Г.К.** **Дюсекенова С.К.**

**«Сентрас Коммеск Life» Өмірді сақтандыру бойынша компания» АҚ**

**2021 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕПТІЛІК**

| Мың теңгемен | Еск. | **2021 жыл** | 2020 жыл |
|---|---|---|---|
| ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АЛҒАН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ: | | | |
| Корпоративтік табыс салығына дейінгі пайда | 19 | **52,056** | **468,648** |
| Түзетулер: | | | |
| Қайта сақтандырушылардың үлесін шегере отырып, аққұла сыйлықақы резервінің өзгеруі | 14 | **123,598** | 150,438 |
| Қайта сақтандырушылардың үлесін шегере отырып, залалдар резервіндегі өзгерістер | 15 | **1,618,714** | 18,723 |
| Есептелген пайыздық табыстардың өзгерісі | | **(390,358)** | (242,510) |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалаудан жүзеге асырылмаған пайда | 16 | **(121,799)** | (72,802) |
| Аквизициялық шығындардағы өзгерістер | | **78,556** | (83,773) |
| Шетел валютасындағы операциялар бойынша іске асырылмаған пайда | 17 | **(46,182)** | (199,230) |
| Жалдау бойынша есептелген пайыздық шығындар | | **662** | 748 |
| Тозу және амортизация | | **10,955** | 6,121 |
| Күмәнді қарыздар бойынша резервті есептеу | 18 | **2,059** | 645 |
| Пайдаланылмаған демалыстар мен жылдық сыйлықақылар бойынша есептелген шығындардың өзгеруі | 12 | **12,136** | 3,778 |
| Басқа да | | **(31,876)** | 51,372 |
| Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары | | **1,308,521** | **102,158** |
| Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруі | | | |
| Операциялық активтердің (ұлғаюы)/азаюы: | | | |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | | **(12,150)** | (3,372) |
| Басқа да активтер | | **(52,279)** | (11,366) |
| Операциялық міндеттемелердің (ұлғаюы)/азаюы: | | | |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек | | **20,695** | 9,460 |
| Басқа да міндеттемелер | | **19,385** | 26,488 |
| Корпоративтік табыс салығын төлегенге дейін операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты | | **1,284,172** | **123,368** |
| Төленген корпоративтік табыс салығы | 19 | **(24,595)** | (4,463) |
| Алынған пайыздар | | **438,418** | 310,082 |
| Төленген пайыздар | | **(31,845)** | (9,132) |
| Операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты | | **1,666,150** | **419,855** |
| ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНҒАН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ: | | | |
| Негізгі құралдарды сатып алу | | **(8,711)** | (8,775) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | | **(1,991)** | (36,462) |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтерді сатып алу | | **(6,664,876)** | (6,513,143) |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтерді сатудан түсімдер | | **6,122,287** | 3,007,725 |
| Тікелей репо шарттарынан түсетін түсімдер | | **1,844,656** | 20,044 |
| Инвестициялық қызметтен алынған/(пайдаланылған) ақша қаражаттары | | **1,291,365** | **(3,530,611)** |
| ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ: | | | |
| Жалдау бойынша міндеттемелердің негізгі сомасын төлеу | | **(610)** | (774) |
| Қаржылық қызметте қолданылатын ақша қаражаттары | | **(610)** | **(774)** |
| Ақша қаражаттарының таза ұлғаюы/ (азаюы) | | **2,956,905** | **(3,008,786)** |
| Шетелдік валюта бағамының өзгеруінің шетел валютасындағы ақша қаражаттарының қалдықтарына әсері | | **(16,969)** | (10,954) |
| Ақша қаражаттары мен олардың баламалары, жыл басы | 6 | **677,516** | **3,800,000** |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары, жылдың соңы | 6 | **3,617,452** | **677,516** |

**Басқарма Төрағасы** **Бас бухгалтер**
**Джаксымбетова Г.К.** **Дюсекенова С.К.**

2022 жылдың 18 сәуірі
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

**«Сентрас Коммеск Life» Өмірді сақтандыру бойынша компания» АҚ**

**ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА ХАТ**

«Сентрас Коммеск Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2020 жылдың 27 желтоқсанында құрылды.

Компанияның Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – «Агенттік») берген және мынадай сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін 2021 жылғы 7 сәуірдегі № 2.2.55 лицензиясы бар:

Ерікті нысанда:
өмірді сақтандыру;
аннуитеттік сақтандыру;
жазатайым оқиғалардан сақтандыру;
ауру жағдайына сақтандыру.

Қызметкерлерді еңбек міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруды қамтамасыз етеді.

Компанияның тіркелген кеңсесі келесі мекенжай бойынша орналасқан: Қазақстан, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Наурызбай батыр көшесі, 19 үй, пошта индексі 050000. 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның 18 филиалы болды. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияда 71 қызметкер болды (2020 жылғы 31 желтоқсан: Басқарма төрағасы және Бас бухгалтер тұлғасындағы 2 адам). 2021 және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның негізгі акционері «Коммеск-Өмір» Сақтандыру компаниясы» АҚ болып табылады. 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Сентрас Капитал» ЖШС «Коммеск-Өмір» Сақтандыру компаниясы» АҚ бақылауында болды. Компанияның түпкілікті бақылаушы тұлғасы Қазақстан Республикасының азаматы Е.С. Әбдіразақов мырза болып табылады.

Компания 2021 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін стандарттарға белгілі бір түзетулерді алғаш рет қолданды. Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қабылдаған жоқ.

*ХҚЕС 17 «Сақтандыру шарттары»*

2017 жылдың мамырында ХҚЕС бойынша Кеңес ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттарын» шығарды, бұл тану мен бағалау, ақпаратты ұсыну және ашу мәселелерін қарастыратын сақтандыру шарттарына арналған кешенді жаңа қаржылық есептілік стандарты. 17 ХҚЕС (IFRS) күшіне енген кезде ол 2005 жылы шығарылған 4 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» алмастырады. 17 ХҚЕС (IFRS) оларды шығаратын ұйымның түріне қарамастан, сақтандыру шарттарының барлық түрлеріне (яғни өмірді және өмірді сақтандырудан тыс сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру), сондай-ақ еркін қатысу шарттары бар кейбір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады. Стандарттың қолданылу аясында бірнеше ерекшеліктер бар. 17 ХҚЕС (IFRS) сақтандыру шарттарының сипаттамалары бар банк өнімдер үшін есепке алудың жаңа талаптарын енгізеді, бұл қандай құралдардың немесе олардың құрамдастарының 9 ХҚЕС (IFRS) немесе 17 ХҚЕС (IFRS) қолдану аясына кіретінін анықтауға әсер етуі мүмкін.

Сақтандыру өтемін ұсынатын несие карталары және ұқсас өнімдер: мұндай өнімдердің эмитенттерінің көпшілігі қолданыстағы есеп тәртібін қолдануды жалғастыра алады және ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес қаржы құралдары ретінде есепке алады. ХҚЕС (IFRS) 17 сақтандыру шартының анықтамасына сәйкес келетін несиелік карта шарттарын (немесе несиелік немесе төлем қызметтері туралы келісімдерді белгілейтін ұқсас шарттарды), егер ұйым жеке клиентпен байланысты сақтандыру тәуекелін бағалауды көрсетпесе ғана, осы тапсырыс берушімен жасалған шарттың бағасын анықтау жағдайында оның қолдану аясынан алып тастайды.

Кредиттік картаның шарттық талаптарының аясында сақтандыру өтемі ұсынылса, эмитент міндетті:

сақтандыру өтемінің құрамдас бөлігін бөлу және оған ХҚЕС (IFRS) 17 қолдану;

басқа құрамдас бөліктерге басқа стандарттарды (мысалы, ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IFRS) 15 «Тұтынушылармен жасалған шарттардан табыс» немесе БЕХС (IAS) 37 «Бағалау көрсеткіштері, шартты міндеттемелер және шартты активтер») қолдану.

Сақтандыру шартының анықтамасына сәйкес келетін, бірақ сақтандыру жағдайлары бойынша өтемақы сомасын осы шартпен жасалған сақтанушының міндеттемесін өтеу үшін басқаша талап етілетін сомамен шектейтін қарыз шарттары: мұндай қарыздардың эмитенттері (мысалы, қарыз алушы қайтыс болған жағдайда өтеуден босатуды қамтамасыз ететін қарыздар) ХҚЕС (IFRS) 9 немесе ХҚЕС (IFRS) 17 қолдану таңдауы бар. Мұндай шешім портфель деңгейінде қабылданады және қайта қарауға жатпайды.

ХҚЕС (IFRS) 17 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді және салыстырмалы ақпаратты ұсынуды қажет етеді. Алғашқы қолдану күнінде ұйым ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 15 қолданатын болса, мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

Қазіргі уақытта Компания ХҚЕС (IFRS) 17 қолданудың оның қаржылық есептілігіне әсерін бағалауды өткізеді.

Компанияның қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған.

Бұл қаржылық есептілік ХҚЕС-қа сәйкес Компания жақын болашақта үздіксіз қызмет етуді жалғастырады деген болжаммен дайындалған. Басшылық пен акционер Компанияның Қазақстан Республикасындағы бизнесін одан әрі дамытуға ниетті. Бұл жақын болашақта қалыпты қызмет барысында активтерді шығаруды және міндеттемелерді өтеуді білдіреді. Компания басшылығының Компанияны таратуға ниеті де, қажеттілігі де жоқ.

Қаржылық есеп әділ құн бойынша ескерілетін кейбір қаржы құралдарын қоспағанда, алғашқы құн негізінде дайындалды.

Компанияның қаржылық есеп беруі қазақстандық теңгеде (бұдан әрі – «теңге») ұсынылған. Компанияның қаржылық есептілігінің функционалдық және ұсыну валютасы теңге болып табылады. Осы қаржылық есеп берудегі барлық мәндер, арнайы алдын айтылған жағдайларды қоспағанда, мыңға дейін дөңгелектенеді.

Бұл қаржылық есеп беру есептеу қағидасы бойынша жасалған. Есептеу қағидасы төлем уақытына қарамастан шаруашылық операциялардың нәтижелерін, сондай-ақ олар аяқталғаннан кейінгі оқиғаларды тануды білдіреді. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепте көрсетіледі және олар қатысты кезеңдердің қаржылық есебіне қосылады.

Бұл қаржылық есептеме қаржылық есептіліктің бір бөлігін құрайтын барлық активтерді, міндеттемелерді, капиталды, табыстар мен шығындарды қамтиды. Қаржылық есеп берудің барлық элементтері желілік баптар ретінде ұсынылған. Қаржылық есеп берудің бірнеше элементтерін бір бапқа біріктіру олардың Компания қызметіндегі сипаттамаларын (функцияларын) ескере отырып жүргізілді. Ұқсас баптардың әрбір маңызды сыныбы қаржылық есептілікте бөлек көрсетіледі. Бір-біріне ұқсамайтын сипаттағы немесе мақсаттағы элементтер, егер олар маңызды болмаса, бөлек ұсынылады.

Қаржылық есептілікті жасау кезінде функционалдық валютадан (шетелдік валюта) басқа валютадағы операциялар операция жасалған күнгі валюта бағамы бойынша көрсетіледі. Шетелдік валютада көрсетілген ақшалай баптар қаржылық есеп беру күніндегі тиісті валюта бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетелдік валютада көрсетілген және әділ құн бойынша бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн анықталған күнгі валюта бағамы бойынша қайта есептелуге жатады. Шетел валютасында тарихи құны бойынша есепке алынатын монетарлық емес баптар қайта есептелмейді. Валюта бағамдарының өзгеруінен туындайтын ақшалай баптар бойынша бағамдық айырмашылықтар олар орын алған кезеңдегі пайдада немесе шығында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасындағы ресми валюта бағамдары ретінде Қазақстан қор биржасында (бұдан әрі – «ҚҚБ») қолданылып жүрген орташа алынған валюта бағамдары пайдаланылады. Осы қаржылық есептілікті жасау кезінде Компания қолданылған жыл аяғындағы валюта бағамы төмендегідей ұсынылған:

| Валюта | *2021 жылдың 31 желтоқсаны* | *2020 жылдың 31 желтоқсаны* |
|---|---|---|
| АҚШ доллары | *431.80* | *420.91* |

2021 және 2020 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттары мен олардың баламалары төмендегідей ұсынылған:

| | *2021 жылдың 31 желтоқсаны* | *2020 жылдың 31 желтоқсаны* |
|---|---|---|
| Кері репо келісімдері бойынша берешек | *2,828,534* | *609,399* |
| Брокерлік шоттардағы ақша қаражаттары | *766,434* | *49,530* |
| Ағымдағы банктік шоттар | *22,484* | *18,587* |
| | *3,617,452* | *677,516* |

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания ҚҚБ арқылы кері репо келісімдері бойынша 2,825,176 мың теңге сомасында қаражат ұсынды (31 желтоқсан 2020 ж.: 607,993 мың теңге). 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептелген сыйақы 3,358 мың теңгені құрады (2020 ж.: 1,406 мың теңге).

2021 және 2020 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттары мен олардың баламалары келесі валюталарда көрсетілген.

| | *2021 жылдың 31 желтоқсаны* | *2020 жылдың 31 желтоқсаны* |
|---|---|---|
| Теңге | *2,852,375* | *629,303* |
| АҚШ доллары | *765,077* | *48,213* |
| | *3,617,452* | *677,516* |

2021 және 2020 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттары мен олардың баламалары кепілдікке қойылмаған.

2021 және 2020 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер төмендегідей көрсетілген:

| Мың теңгемен | *2021 жылдың 31 желтоқсаны* | *2020 жылдың 31 желтоқсаны* |
|---|---|---|
| Қарыздық бағалы қағаздар | *3,983,573* | *3,095,274* |
| Үлестік бағалы қағаздар | *448,666* | *583,631* |
| | *4,432,239* | *3,678,905* |

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1,874,947 мың теңге сомасындағы облигациялары тікелей репо келісімдері бойынша алынған қарыздар бойынша кепілге қойылды (2020 жылғы 31 желтоқсанда: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары сомасы 20,044 мың теңге).

2021 және 2020 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер төмендегідей көрсетілген:

| | *2021 жылдың 31 желтоқсаны* | *2020 жылдың 31 желтоқсаны* |
|---|---|---|
| Берілген аванстар | *58,616* | *7,472* |
| Материалдық емес активтер | *26,413* | *32,575* |
| Негізгі құралдар | *14,028* | *7,328* |
| Аквизициялық шығындар | *5,217* | *83,773* |
| Пайдалану құқығы нысанындағы активтері | *3,166* | *3,958* |
| Басқа да | *5,199* | *3,709* |
| | *112,639* | *138,815* |

2021 және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша АСР келесідей ұсынылған:

| Мың теңгемен | *2021 жылдың 31 желтоқсаны* | *2020 жылдың 31 желтоқсаны* | РНП өзгеріс |
|---|---|---|---|
| Аққұла сыйлықақыларының резерві, жалпы сомасы | *274,036* | *150,438* | *123,598* |
| Аққұла сыйлықақыларының резерві, қайта сақтандырушының үлесі | – | – | – |
| АСР, қайта сақтандырушылардың үлесін шегергенде | *274,036* | *150,438* | *123,598* |

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сақтандыру талаптарын реттеуге арналған залалдар мен шығындар бойынша резервтер аннуитеттік келісімдер бойынша орын алмаған шығындар резервінен (ОАШР) және орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервінен (ОМШР) тұрады:

| Мың теңгемен | ОМШР | ОАШР | МРШР | *2021 жылдың 31 желтоқсаны* |
|---|---|---|---|---|
| Залалдар бойынша резервтер, жалпы сомасы | *62,198* | *1,542,684* | *32,909* | *1,637,791* |
| Залалдар бойынша резервтердегі қайта сақтандырушының үлесі | *(18)* | *(336)* | – | *(354)* |
| Қайта сақтандыруға берілгендерді шегергендегі шығындар бойынша резервтер | *62,180* | *1,542,348* | *32,909* | *1,637,437* |

2021 және 2020 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания ұсынған тікелей репо келісімдері бойынша қарыздар бойынша кепілдік қамтамасыз етудің әділ құны мен баланстық құны келесідей:

| Мың теңгемен | *2021 жылдың 31 желтоқсаны* | | *2020 жылдың 31 желтоқсаны* | |
|---|---|---|---|---|
| | Баланстық құны | Әділ құны | Баланстық құны | Әділ құны |
| ҚР Қаржы Министрлігінің облигациялары | *1,874,947* | *1,864,313* | *20,044* | *20,035* |
| | *1,874,947* | *1,864,313* | *20,044* | *20,035* |

2021 және 2020 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа міндеттемелер келесідей ұсынылған:

| Мың теңгемен | *2021 жылдың 31 желтоқсаны* | *2020 жылдың 31 желтоқсаны* |
|---|---|---|
| Басқа да қаржылық міндеттемелер: | | |
| Жыл сайынғы сыйлықақы бойынша есептелген шығындар | *6,173* | *1,110* |
| Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептелген шығындар | *6,065* | *2,668* |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | *3,720* | *4,330* |
| Қызметкерлер алдындағы басқа берешек | *2,858* | *3,672* |
| «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ алдындағы берешек | *–* | *64* |
| Басқа да қаржылық емес міндеттемелер: | | |
| Корпоративтік табыс салығынан басқа төленетін салықтар | *21,588* | *9,206* |
| Төлеуге жататын әлеуметтік салық | *13,902* | *254* |
| Басқа да | *12,407* | *13,949* |
| | *66,713* | *35,253* |

2021 және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарияланған жай акциялардың саны 500,000 дана болды. Орналастырылған бағалы қағаздардың саны бір акцияның номиналды құны 10 мың теңге болатын 380 000 жай акция. Әрбір жай акция бір дауысқа құқық береді, және дивидендтерді бөлу кезінде акциялар тең. 2021 және 2020 жылдар ішінде дивидендтер жарияланған немесе төленген жоқ.

2021 және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарияланған жай акциялардың саны 500,000 дана болды. Орналастырылған бағалы қағаздардың саны бір акцияның номиналды құны 10 мың теңге болатын 380 000 жай акция. Әрбір жай акция бір дауысқа құқық береді, және дивидендтерді бөлу кезінде акциялар тең. 2021 және 2020 жылдар ішінде дивидендтер жарияланған немесе төленген жоқ.

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін берілген қайта сақтандыруды шегергендегі алынған сыйлықақылар келесідей:

| Мың теңгемен | Зейнетақы аннуитеті | Аннуитеттік сақтандыру | ЖОҚМС | Өмірді ерікті сақтандыру | *2021 жыл* |
|---|---|---|---|---|---|
| Тікелей сақтандыру бойынша сыйлықақылар | *1,339,081* | *17,234* | *521,076* | *387,658* | *2,265,049* |
| Қабылданған қайта сақтандырулар бойынша сыйлықақылар | – | – | – | – | – |
| Сақтандыру сыйлықақысы, жалпы сомасы | *1,339,081* | *17,234* | *521,076* | *387,658* | *2,265,049* |
| Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары | – | – | – | – | – |
| Қайта сақтандыруға берілгендерді шегергендегі сақтандыру сыйлықақылары | *1,339,081* | *17,234* | *521,076* | *387,658* | *2,265,049* |
| АСР өзгеріс, жалпы сомасы | – | – | *(123,598)* | – | *(123,598)* |
| АСР өзгеріс, қайта сақтандырушының үлесі | - | - | - | - | - |
| АСР өзгеріс, нетто | | | (123,598) | | (123,598) |
| Қайта сақтандыруға берілгендерді шегергендегі сақтандыру сыйлықақылары | *1,339,081* | *17,234* | *397,478* | *387,658* | *2,141,451* |

2021 жылы аннуитеттік сақтандыру бойынша сақтандыру жинақтарының көлемі сақтандырудың ерікті түрлерін, оның ішінде аннуитеттік сақтандыруды дамыту есебінен өсті. 2021 жылы ерікті сақтандыру сыныптары бойынша өнімдерді сатудың өсу қарқыны айтарлықтай артты. Бұған өмірді жинақы сақтандыруға қатысты заңнамалық өзгертулер ықпал етті. 2021 жылдың басынан бастап клиенттер ЖТС есептеу үшін салық салынатын базаны төмендету құқығын алды. Зейнетақы аннуитеті де қолжетімді болды – бұрын құнын есептеу ең төменгі зейнетақыға, 2021 жылдан бастап – ең төменгі күнкөріс деңгейіне, кейінге қалдырылған зейнетақы аннуитетін енгізуге, яғни 45 жастан бастап БЖЗҚ-дан жинақтарды аудару мүмкіндігіне байланысты болды.

2021 және 2020 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялық табыстар келесідей көрсетілген:

| Мың теңгемен | *2021 жыл* | *2020 жыл* |
|---|---|---|
| Пайыздық табыс | *391,095* | *299,053* |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін қайта бағалаудан жүзеге асырылмаған пайда | *178,531* | *72,802* |
| Дивидендтер бойынша табыстар | *31,876* | *52,778* |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін сатып алу-сатудан таза пайда/(залал) | *25,746* | *(17,453)* |
| Барлығы | *627,248* | *410,180* |

2021 ж. және 2020 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар бойынша пайыздық кіріс келесідей көрсетіледі:

| Мың теңгемен | *2021 жыл* | *2020 жыл* |
|---|---|---|
| Кері және тікелей репо келісімдері бойынша пайыздар | *735* | *55,077* |
| Банктердегі қаражаттар бойынша пайыздар | *–* | *1,466* |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша пайыздар | *390,360* | *253,510* |
| Барлығы | *391,095* | *299,053* |

2021 және 2020 жж. 31 желтоқсанда аяқталған кезеңдер бойынша шетел валютасындағы операциялардан түскен табыстап келесідей ұсынылған:

| Мың теңгемен | *2021 жыл* | *2020 жыл* |
|---|---|---|
| Бағамдық айырмашылықтар, нетто | *46,182* | *199,230* |
| Сауда операциялары, нетто | *(1,315)* | *(1,449)* |
| | *44,867* | *197,781* |

Қалыпты қызмет барысында Компания әртүрлі сот үрдістерідің және шағымдардың объектісі болуы мүмкін. Компания мән-жайларды есепке ала отырып, елеулі міндеттемелердің пайда болу ықтималдығын бағалайды және міндеттемені өтеу үшін ресурстардың кетуі ықтимал және міндеттеме сомасы жеткілікті сенімділікпен өлшенетін жағдайда ғана қаржылық есептілікте тиісті резервті көрсетеді.

2021 және 2020 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның күрделі қаржы жұмсау бойынша елеулі міндеттемелері болған жоқ.

2021 және 2020 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның инвестициялық келісімшарттары жоқ.

2022 жылдың 24 ақпанында Ресей Федерациясы Украина аумағында соғыс қимылдарын бастады. Ресей қарулы күштері бөлімшелерінің жауынгерлік іс-қимылдары кезінде әскери инфрақұрылымға, авиацияға және басқа да әскери нысандарға шабуыл жасалды, Украинаның кейбір елді мекендері мен қалалары жабылды. Украинада төтенше жағдай енгізілді, Украинаның бейбіт тұрғындарын жақын және алыс шет елдерге көшіру басталды. Ресей Федерациясының әрекетін әлемдік қауымдастықтың көптеген елдері, халықаралық ұйымдар қатаң айыптап, Ресей Федерациясына қарсы жаңа санкцияларға әкелді. 2022 жылдың 26 ақпанында Франция, Германия, Италия, Ұлыбритания, Канада және АҚШ басшылары бірлескен мәлімдеме жасап, Ресейге қарсы одан әрі шектеуші экономикалық шаралар қолданылды. Атап айтқанда, бұл шаралар кейбір ресейлік банктерді SWIFT хабар алмасу жүйесінен (бүкіл дүниежүзілік банкаралық қаржылық байланыс арнасы) шығарып тастады, Ресейдің Орталық банкіне, кейбір коммерциялық банктерге және ресейлік шенеуніктерге қатысты шектеу шараларын енгізді, кейбір тауарлар мен технологияларды экспорттауға тыйым салды, сондай-ақ байланысты сақтандыру қызметтерін көрсетуге тыйым салды. Украина төңірегіндегі жағдай мен геосаяси тәуекелдердің күшеюі аясында қаржы нарығындағы құбылмалылық күрт өсіп, қуат тасымалдаушылардың бағасы көтерілді.

Нәтижесінде, ірі ресейлік компаниялардың акциялары айтарлықтай құнсызданды (50-ден 100 пайызға дерлік), ал рубль рекордтық төмен деңгейге дейін күрт әлсіреді (бір АҚШ доллары үшін 76-дан 103 ресей рубліне дейін). Ресей Федерациясына қарсы санкцияларды енгізу Қазақстан Республикасының экономикасына айтарлықтай жанама әсер ететіндіктен, бұл Ресей аумағына ұшу шарттарына, жанармай құнының өсуіне, сондай-ақ теңге бағамының өзгеруіне әсер тигізді: теңгенің ресми бағамы Теңгеге қысымды жеңілдету үшін Ақша-несие саясаты комитеті ҚРҰБ базалық мөлшерлемені +/-1 пайыздық дәлізімен 13,5%-ға дейін көтеру туралы шешім қабылдады. Ақпанның 27-сі күні Қазақстанның Ұлттық банкі «рубль бағамының шектен тыс ауытқуының теңгеге негізсіз әсерін азайту» үшін валюталық интервенция жүргізетінін хабарлады. Осы қаржылық есептілікке қол қойылған күнгі жағдай бойынша теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамы 449,85 теңгені құрайды.

2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті Компания басшылығы 2022 жылдың 18 сәуірінде шығару үшін бекітті.

**Басқарма Төрағасы** **Бас бухгалтер**
**Джаксымбетова Г.К.** **Дюсекенова С.К.**

БАЙҚАУҒА!

# БАРЛАУШЫ БОСАҢСЫМАЙДЫ

*(Соңы. Басы №54 санда)*

* * *

Үлкен қалада, әсіресе, Алматыда уақыт тез өтеді. Күнделікті күйбең тіршіліктің керуені бір сарында көшіп жатты. Біртүрлі самарқау, тыныш. Осы ырғаққа ілесіп алды ма, әлде қызметте қол жеткен табыстардың буы ма, әйтеуір, Бек өзі ұстанатын «қауіпсіздік – нәтиже емес, процесс» деген принципті ұмыта бастаған. Ол жұмыс істейтін компания Қиыр Шығыстағы бір мемлекеттің атағынан ат үркетін ірі қаржы құрылымымен қомақты инвестиция құю туралы келіссөздер жүргізіп жатқан еді. Көпшілікке жарияланбаған, әзірге құпия жобаны білетін адамдар да санаулы болатын. Атышулы хакер хикаясынан кейін Бек Болатты бұрынғыдан жақын тұтып, білікті маман ретінде осы келіссөздің кейбір тұстары туралы ақылдасып та жүрді. Бұл кезде Болат пен Сабырдың арасы бұрынғыдан да жақындай түскен. Екеуара әңгімені сырттан естіген адам болса, осындай кездесулерде қауіпсіздік қызметі офицерінің өзі жайлы сыр шашпайтынын байқар еді. Керісінше, Болаттан суыртпақтап әңгіме сұрайды. Бір жолы:

– Бөке, осы мен Бек екеуіңнің достықтарыңа сүйсіне қараймын. Бірге оқыдыңдар, қызмет жасадыңдар, қанша жыл өтсе де, қарым-қатынастарыңа сызат түспей, жалғасып жатыр. Бірақ көңіліңе келмесін, Бек қызметті бизнеске айырбастап, енді мемлекет мүдделерін елемейтін сияқты. Солай ма?

– Оны түсінем, мен де үкіметке қапалымын. Адал қызмет етіп, шын патриот болсақ та, бізді керек қылмады, – деп Болат аңқылдап, ойын ашық айтты.

Қарсы барлау қызметінің әккі қасқырына айналған Сабыр мұндай әңгімелерді әдетте Болат қызып қалған кезде бастайтын. Басқа тақырыпқа ауысып кетсе, айналдырып әкеліп, бұлталаққа салып, байқатпай тағы сұрайды. Қазір Бектің жұмысы қалай? Компания қандай жобалар жасап жатыр? Әр жолыққан сәтте осы сұрақтар міндетті түрде қойылып, оған жауап ретінде құпия, құпия емес ақпараттар ағыл-тегіл айтылып жатты. Бектің қатаң ескертуіне қарамастан, Қиыр Шығыстағы компаниямен арадағы жоба да жария болды. Бұл ақпараттың бәрі олардың бәсекелес компаниясына таптырмас олжа еді. Сабыр болса, Ұлттық қауіпсіздік комитетіндегі қызметінен шығып, сол жерге кеңесші болып орналасуды мақсат етіп жүрген. Болат, әрине, бұдан хабарсыз болатын. Бектің Сабырды жақтырмайтынын білетін ол екеуара кездесулер жайлы да тіс жармады.

Сол кезден бастап компанияның акционерлер кеңесінен де маза кетті. Кім сатқын? Ақпарат қалай, қайдан шықты? Осы сұрақтар жандарын жегідей жеген кеңес мүшелері Мағзұм мен Станислав Бекке хабарласып, дәмханаға кездесуге шақырды. Мәймөңкелемей бірден іске көшті.

– Қиыр Шығыстағы жобамыз туралы бәсекелесіміз біліп қойыпты. Онымен қоймай, олар біздің биржада ашық сатылымда тұрған акциямыздың бір бөлігін сатып алғанын жариялады, – деді Мағзум Бекке сынай қарап. Байқатқысы келмеуге тырысқанымен, жүзінен реніштің табы сезілетіндей. Бірақ кімге, не үшін? Ол да әзірге белгісіз. Шынында да, бұл жолғы қателіктің құны тым жоғары еді. Бәсекелес компания қолындағы акцияларды қомақты сомаға қайта сататынын немесе инвестормен келіссөздерді бірге жүргізетінін айтып, бопсалап отыр. Кездесу соңында акционерлер Бекке тығырықтан шығу жолын қарастыруды және құпия ақпараттың кімнен, қалай шыққанын анықтауды тапсырды.

* * *

Бектің шырғалаң оқиғалар мен ақпараттардың шырмауында қалғанда істейтін ісі – үш күн қонақ үйде қамалып, «ребус» шешу. Барлауда жүргенде сүйекке сіңген әдет. Бұл жолы да сөйтті. Өзімен-өзі арпалысып жатыр. «Кім сатқын? Акционерлер ашық айтпаса да, күдік алдымен маған түсіп тұр. Басқа кім біледі? Барлаудан біреу ме? …Мүмкін емес. Өйткені, инвестиция әкелуде құрылымның басқа мемлекет органдарына көмектесу жұмысы ерекше орында және ақпарат мұқият сақталады. Бекті бұл қаржы мекемесіне кезінде жасырын кіргізген де өздері. Әрі оны Акционерлер кеңесінің төрағасы Мағзум ғана біледі. Анталаған ойлардан басы шыр айналып кетті. Негізінде, нағыз маман барлаушы болу үшін, алдымен жақсы қарсы барлаушы болу абзал!

– Алло, 13-нөмірге шарап пен жеңіл тамақ алып келіңіздерші, – деді де ребус шешуін жалғастырып кеткен. Бірақ жағалауды қайыра соға беретін асау толқындардай ойлары да байыз таппады.

«...Жаз өмірін, мәз өмірін қысқартып... «Осы әннің ойға түсе беретіні несі екен?.. «Өткенді ойға оралту – өміріңді сол уақытқа ұзарту» деген французбардың әдемі бір сөзі бар. Есіне қызмет ауыстырған кезі түсті.

Каирден Стамбулға жолға шыққан Бек институтта бірге оқыған Мағзуммен жолығатынын алдын ала білген. Бірақ оның Барлау комитеті басшыларының бірі Сәрсенмен таныс екенінен мүлдем хабарсыз болатын. Кездесу нағыз театр қойылымына айналды. Олардың қызметтес екенін білмейтін Мағзұм Бек пен Сәрсенді таныстырып, қызық болған. Екеуі де сыр білдірмей, рөлдерін сәтті ойнап шықты. Осы кездесуде Бекке барлаудан бизнес құрылымына «ауысу» туралы ұсыныс жақауратып айтылған болатын. Не керек, жарты жыл өтпей, Бек Мағзұмның компаниясының атқарушы директоры болып шыға келді. Бұйрықтың аты бұйрық! Сол кезде Сәрсен Мағзұм үшін «Президент аппаратының қызметкері» болатын.

– Бұл кімнің ойыны? Мағзұмның ба әлде барлаудың ба? Тағы да тығырық. Бектің ойы тағы сан-саққа жүгірді. Кім сатқын? Тоқта, Болат ше? Әйелі, автокөлігі жоқ, ішімдікке төтеп беруі қиын. «Өзіңді бәріне сенетіндей көрсет, бірақ ешкімге сенбе» дегендей, Болатқа шынымды айтқанымдай, сырымды шашқан емеспін. Тоқта... Ол барлаудың маманы ғой әрі басқа директорлар арасында беделі де бар. Бірақ оған бұл ақпараттың қажеті не? Экономист емес, бұл салада таныстары да жоқ. Кім біледі? Гәп бұдан да тереңде. Дегенмен Болатпен сөйлесу керек.

Тағатсызданған Бек ертеңгі күнді күтпей, Болатқа хабарласып, қонақүйге келуін сұрады.

– Саған не болған, жай ма? – деп Болат кіре сала түнеріп отырған Бекке қарады. Ескі досының «ребусты» қандай жағдайда шешетінін білетін ол тіксініп қалған. Суыт әңгіменің салмағын сезді ме, мөлдіреп тұрған қымбат ішімдіктен де бас тартты. Беймаза күйде тұрған Бектің де әңгімені созып тұруға зауқы жоқ еді, жағдайды қысқа баяндап өтті де: «Сырды сыртқа шашқан сен бе?» – деп сұрақты төтесінен қойды. Болат та іркілген жоқ. Басында «Сабыр жайлы айтсам ба, жоқ па» деп кібіртіктеп қалған еді, соңында Бекке бар шындықты жайып салды.

Әлі есінде, сол күні Сабыр инвестор жайлы ақпаратты алдын ала білетін адамдай тақырыпты бірінші боп бастаған! Бұл да еш күдіксіз білетінін айтты. Ол аз болғандай, Сабырды компанияның Қаржы департаменті директорымен өзі таныстырған болатын. «Қап, ақымақ басым-ай... Әшейінде сақ едім, торға қалай түсіп қалғанымды сезбей қалдым», – деді күйініп. Өшін кімнен аларын білмеген күйі Болат есікті тарс жауып, бөлмеден шығып кетті.

«...Жаз өмірін, мәз өмірін қысқартып»... Миға тайм-аут. Ойына өлең жолдары оралды: «Досым, саған сенемін, сеніп өтем!

Әсіре ойнап қайтемін, әсіре күліп,
Сенін орның құлазып, бос тұрғанда».

Қайран Мұқағали...

* * *

Үшінші күні Бектің мазасы қашып, көкейіндегі сан сауалдың шешімін таба алмай әуреге түсті. Бірақ іштей «пенде асықты екен деп, Алла әмірін өзгертпейтінін» ешқашан ұмытпайтын ол, өзінің Жаратқанға ниеті түзу екеніне титтей де күмәні жоқ еді.

«Мен бұл мәселеге тек бір тұрғыда ғана қарап отырмын. Жауыңды жаныңнан таппасаң, алысқа көз сал. Бұл саған окопта жатып атысатын соғыс емес, жақыннан демекші, Сәрсен ше? Ол – өте ақылды, тапқыр «ойыншы», мекеме басшысының оң қолы. Оған күмән келтіру өзіңе ор қазумен тең. Дегенмен, ол бұл жағдайды білер ме екен? Бек не болса да тамырын басып көрмек болып, Сәрсенмен жолығуға шешім қабылдады. Телефон соғып, оны шұғыл кездесуге шақырды.

Сәрсен – өте тәжірибелі, мінезі тұйық, орта бойлы, қасқа бас адам. Бектен 5 жастай үлкендігі бар, амбициясы алыстан айқайлап тұрған басшы. Оны Бек әу бастан іштей ұнатпаған. Ішкі сезімі алдамады, қызмет барысында оның кекшіл және адамгершілігі шамалы екеніне сан мәрте көзі жетті де... Кездесу салқын әрі қысқа болды.

– Менің қолымдағы нақты жедел ақпаратқа сүйенсек, Қиыр Шығыс компаниясының бізге құймақ болған инвестициясы жайлы бәсекелестеріміз біліп қойыпты, – деп Бек әңгімені бастап кетті. – Ал бұл біздің құпия операциямызға зиян келтіруі мүмкін, – деп Сәрсеннің реакциясын өткізіп алмайын дегендей, оған көз алмай қарады.

– Ақпарат қалайша сыртқа шығып кеткен? Бек, сіз босаңсығансыз ба әлде арамызда сатқын бар ма? Ол кім? – деді бастық екенін білдіргендей қатаң дауыспен. – Сізге осы апта ішінде жедел тексеріп, нәтижесін баяндауды тапсырамын. Ал біз не істеуге болатынын ойланып көрейік, – деп, Сәрсен қысқа қайырып, бөлмеден шығып кетті.

Әзірге күдікті тек Болат. Сонда досымды өзім сатқандай болам ба? Басқа кім?... Бек әбден күйзеліске түсті. Сәрсеннің осал адам еместігін біледі. Бір кездері Әмір деген курстас жігіт осы Сәрсенге қарсы сөйлеймін деп қызметтен қуылған еді. Жай ғана кетірмей, қудалап, басқа да мемлекеттік құрылымдарға жұмысқа кіруіне кедергі жасаған. Сөйтіп, барлау қызметінің білімді әрі тәжірибелі маманы нәпақа табу үшін біраз уақыт такси жүргізушісі де болды. Бірақ әділдік түбі жеңеді емес пе? Бұрынғы әккі барлаушы Әмір қайсарлығы мен білімділігінің арқасында қазір Қазақстан елшілігінде «таза» дипломат қызметін атқаруда.

Кездесуден соң екі күннен кейін Бекке аяқ астынан «Барлау қызметінемін, Сәрсеннің атынан хабарласып тұрмын» деп, бір жас жігіт қоңырау шалып, кездесуге шақырды. Құпия ақпарат ала келіпті. Қарсы барлау қызметінің ақпаратына қарағанда, Қиыр Шығыс компаниясының өкілі бейресми түрде Қазақстанда болып, бірнеше қаржы компаниясының басшыларымен кездесу өткізіпті. Яғни, бұл істе сатқын жоқ! Бұл – осындай маңызды шаруаны уысынан шығарып алған Сәрсеннің жіберген кемшілігі. «Сәрсен жүздесуге ұялып, кездесуге өзі емес, көмекшісін жібергені де сондықтан шығар...». Өз ойынан Бектің өзі мырс ете қалды. Ең бастысы, ұзақ уақыттан бері жанын жегідей жеген ой мен күдіктен арылды-ау... Жастық шақтан келе жатқан жақын досы Болаттың сатқындық жасамағанына көзі жетіп, «уh» деген...

Арада біраз уақыт өткен соң тағы біраз жұмбақтың жауабы шешілгендей болған. Бұл – Қиыр шығыстық компания мен сол елдің арнаулы қызметінің бірлескен жобасы екен. Неге болмасын, әр елдің барлау күштері өз елінің ірі бизнес құрылымдарының мүддесін шет мемлекеттерде қорғап жүреді. Олар Бектің компаниясымен ғана емес, басқа да бәсекелестерімен кездесу өткізіпті. Осылайша инвестиция құю жайлы ұсыныс құпия түрде бірнеше компанияға қатар берілген. Осы әрекет – бәсекелес компаниялардан бір-бірі туралы ақпарат алуда барлау қызметінің ең тиімді әдісі. Бұл – әзірге қатардағы барлаушының тұжырымы. Ал ақиқатты тек архивтер ғана ашып береді...

* * *

Құрметті оқырман, барлаушының негізгі құралы – құпия. Сіздерге ермек болсын деп шифрлау арқылы жауабы табылатын жұмбақ жіберіп отырмын. Дұрыс шешсеңіз, барлаушы туралы әзілге толы құпияны оқи аласыз.

3 1 23 16 1 26 34 37 – 12 18 25 8 16 16 8 14 25 26 1 16 7 37
2 23 25 38 24,
18 8 17 8 24 8
2 23 25 38 24 – 12 18 25 8 16 16 8 14 25 26 1 16.

**Бахытжан ТАСТАНБЕКОВ**

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

**Меншік иесі:**
**«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»**
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

| | |
|---|---|
| **Нұр-Сұлтан** | Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. |
| **Алматы облысы** | Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. |
| **Ақтөбе облысы** | Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. |
| **Атырау облысы** | Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. |
| **Маңғыстау облысы** | Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. |
| **Қызылорда облысы** | Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. |
| **Түркістан облысы** | Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 |
| **Батыс Қазақстан облысы** | Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70. |

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
**Жеке таралым 5527 дана**
**Апталық таралым 11 054 дана**

Тапсырыс №97 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31